

Ushqyr oıla! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!



# Farabi

## shákirti

@farabishakirti.kz  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

№6  
МАУСЫМ  
2026

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАҒЕРЛЕРГЕ,  
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



БЕРІК ОТБАСЫ –  
ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРГЕТАСЫ

НҰРМАШ Нұрай, Қызылорда облысы,  
Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы  
«№25 орта мектептің» 11 – сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі



ҚАЗАҚША  
МАҚАМ-  
МӘТЕЛДЕР

АБАЙ ЖОЛЫ

КІТАПТАР – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы,  
Қазақстан Республикасының Президенті:

# «Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі»

Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі. Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік арасында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл – мызғымас қағида.



«ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖӘНЕ  
ОНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ РӨЛІ»  
ФОРУМЫ  
2026 жылғы 5 маусым

FORUM  
"ADMINISTRATIVE JUSTICE  
AND ITS ROLE IN ENSURING  
THE RULE OF LAW"  
June 5, 2026

Бірақ мұндай келісім өздігінен пайда болмайтыны анық. Қоғамдық келісім, бұл – көпқырлы табанды жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мен Президент ретінде осы өте өзекті мәселеге баса мән беремін.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыра бастадық. Ашық диалог жүргізу, азаматтардың мұң-мұқтажын ескеріп, арыз-шағымына дер кезінде жауап беру елдегі түбегейлі өзгерістердің өзегі саналады. Осы маңызды жұмысқа биліктің әр деңгейдегі өкілдері, соның ішінде министрлер, әкімдер, депутаттар белсенді түрде қатысуы керек. Бұл – мемлекеттік қызметшілердің конституциялық міндеті.

Соңғы жылдары мемлекетіміз аса ауқымды құқықтық және қоғамдық жаңғыру жолына түсті. Елімізде

жаңа саяси мәдениет қалыптаса бастады. Біз өркениетті ел ретінде Заң мен тәртіп қағидатын ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналдыруымыз керек. Барша азаматтарға, әсіресе, жастарға заңды құрметтеу, заңға бағыну қажет екенін қарапайым тілмен жан-жақты түсіндірген жөн. Заңды қадірлеу, тәртіпті қолдау, бұл – әр адамның жарқын өміріне жол ашатын маңызды шарт.

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әкімшілік әділет және оның құқық үстемдігін қамтамасыз ету ісіндегі рөлі» атты халықаралық форумда сөйлеген сөзінен алынды. 5 маусым, 2026 жыл.) <https://www.akorda.kz/>

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

## Farabi shakirti

№6 (82) маусым, 2026 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,  
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі  
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**  
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**  
**Тамила ИБРАГИМОВА**  
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,  
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.  
Тел.: +7 701 730 9312  
**E-mail: farabi\_shakirti@mail.ru**  
**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік  
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛПК № KZ28VPY00092839  
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.  
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық  
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу  
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,  
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.  
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:  
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың пифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында  
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен  
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

# ӘКЕНІҢ БАЛАСЫНА ҒЫЛЫМ, АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨНЕР ҮЙРЕТУІ ПАРЫЗ

Мұхаммед Бағдади

\*Балаға берілген бірінші тәрбие ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады.

**Ыбырай Алтынсарин**

\*Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер.

**Мағжан Жұмабаев**

\*Бақыт деген – сенің бала күндерің,  
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.

**Мұқағали Мақатаев**

\*Баланы тәрбиелеу үшін – оны білу керек, оны білу үшін – оны бақылау керек, ал оны бақылау үшін – оған бостандық беру керек.

**Мария Монтессори**

\*Тек нағыз бейкүнә бала жүрегі ғана жаңа ойларға жүгіне алады, ал жараланған және қорланған жүрек ешқашан да ешқандай жаңалық аша алмайды.

**Роберт Вальзер**

Судың тазалығын үйретейік, желдің еркелігін үйретейік, ағаштардың жайқалуын үйретейік, күннің жылылығын үйретейік, Ата-ананың достығын үйретейік... Балаларымызды әуелі ата-ананың мейіріміне, махаббатына бөлейік!

**Ғабит Мүсірепов**

Дереккөзі: <https://bilim-all.kz/>

## Бала деген ...

**Жібек Ысқақова**

Бала деген – жанымыздың бөлшегі,  
Бақытымыз, бағымыздың өлшемі.  
Базарымыз бағасы жоқ, бағалы,  
Ертеңіміз биік ұстар еңсені...  
Бала деген – көктеміміз жайқалар,  
Олар барда жазымыз да байқалар.  
Тәрбиелі болып өссе аман боп,  
Алаңдаған жанымыз да жай табар...  
Бала деген – бұлағымыз мөп-мөлдір,  
Жарық берер шырағымыз төккен нұр.  
Мейіріммен жылу беріп өсірсек,  
Жемісін де сезінеміз екен бұл..  
Бала деген – біздің заңғар шыңымыз,  
Баламенен арта түсер құнымыз.  
Жұлдызымыз жарқырайтын жанатын,  
Құндызымыз ұлымыз бен қызымыз!  
Бала деген – бұл өмірдің зор мәні,  
Отбасының ертеңі мен қорғаны.  
Ата-ананың қуанышы, бақыты,  
Баласының амандықта болғаны...  
<https://www.zharar.com/>

Сурет: <https://ortcom.kz/> Каким образом реализованы в Казахстане в рамках Концепции «Дети Казахстана»?





**Ахмет Байтұрсынұлы:**

*«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл».*

## ТІЛ ҚАДІРІ - ЕЛ ҚАДІРІ

*Егер бір күні өз ана тілімізді түсінбейтін күйге жетсек, онда біз өзімізді толыққанды ұлт деп атай аламыз ба?*

Тіл – жай ғана қарым-қатынас құралы емес. Ол халықтың тарихи жады, мәдениеті мен дүниетанымының сақтаушысы. Ұлттың рухани болмысы ең алдымен тіл арқылы көрінеді. Сондықтан тіл әлсіресе, ұлттың да рухани тірегі әлсірейді. «Тіл тағдыры – ұлт тағдыры» деген ойдың мәні де осында.

Қазақ халқы үшін ана тілі ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазына. Ұлт зиялылары бұл мәселенің маңызын ерте түсінген. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп айтқан. Бұл сөз бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды ескерту болып қала береді.

Қазіргі кезде қазақ тілі мемлекеттік тіл болғанымен, оның қолданылу аясында белгілі бір қиындықтар байқалады. Кейбір жастар күнделікті әңгімеде немесе әлеуметтік желілерде қазақ тілін толық қолданбай, басқа тілдерді араластырып сөйлеуге бейім. Бір қарағанда бұл ұсақ мәселе сияқты көрінуі мүмкін. Алайда уақыт өте келе мұндай әдет тілдің табиғи тазалығына әсер етуі ықтимал.

Белгілі жазушы Мұхтар Мағауин қазақ тілінің болашағына алаңдап: «Тілінен айырылған халық – халық болудан қалады» деген еді. Бұл – жай ғана сөз емес, ұлттың болашағына айтылған қағты ескерту. Шынында да, тіл жоғалса, халықтың тарихы, мәдениеті, дүниетанымы да біртіндеп ұмыт болады.

Ал көрнекті қаламгер Шерхан Мұртаза ана тіліне деген жауапкершілік туралы: «Тіл – ұлттың жүрегі. Жүрексіз адам қалай өмір сүрмесе, тілсіз ұлт та өмір сүре алмайды» деп атап өткен. Бұл пікір тілдің тек мәдени емес, өмірлік маңызы бар екенін айқын көрсетеді.

Дегенмен тілдің болашағы тек алаңдаушылықпен ғана шешілмейді. Ең алдымен, тілге деген құрмет отбасыдан басталуы керек. Үйде балалармен ана тілінде сөйлесу – тілдің табиғи дамуының ең маңызды негізі. Сонымен қатар мектептерде қазақ тіліндегі

әдебиеттерді оқу мәдениетін арттыру, жастар арасында қазақ тіліндегі сапалы медиа-контентті көбейту де тілдің дамуына үлкен үлес қоса алады.

Қорытындылай келе, тіл тағдыры шын мәнінде ұлт тағдыры. Тілді сақтау тек заңдар мен бағдарламалардың міндеті емес, ол әр адамның күнделікті таңдауы арқылы жүзеге асады. Ана тілінде сөйлеу, оны құрметтеу, келесі ұрпаққа жеткізу әрбір азаматтың рухани жауапкершілігі.

Егер біз тілімізді қадірлеп, оны өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырсақ, онда ұлттық болмысымыз да сақталады. Ал егер тілге немқұрайлы қарап, оны екінші орынға ысыратын болсақ, онда болашақ ұрпақ бізден бір ғана сұрақ сұрауы мүмкін: «Бізге аманат болған тілді неге қорғай алмадыңдар?»

Сондықтан әр қазақтың жүрегінде бір шындық анық болуы керек: тілді сақтау өткенге құрмет, бүгінге жауапкершілік және болашаққа аманат. Тілі бар халық қана мәңгі жасайды.

**Кәусар АСАН, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, «Joo High School мектебінің», 11 «L» сынып оқушысы. Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі**

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. - Алматы, 1995.
3. Шерхан Мұртаза. Тіл және руханият туралы мақалалар жинағы. - Алматы, 2008.
4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты туралы материалдар.
5. Қазақстан Республикасының Парламенті. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң.
6. Қазақ әдебиеті және тіл мәдениеті бойынша оқу құралдары мен интернет деректері.



# «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ»

<https://www.zharar.com/>



Жыл сайын 4 маусым күні елімізде Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтеді. Бұл Қазақстан халқы үшін ерекше маңызға ие мереке. Себебі мемлекеттік рәміздер – әрбір елдің егемендігін, тәуелсіздігін және ұлттық болмысын айқындайтын қасиетті белгілер. Олар халықтың тарихын, мәдениетін, арман-мұратын және болашаққа деген сенімін бейнелейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Мемлекеттік Елтаңбасы және Мемлекеттік Әнұраны 1992 жылғы 4 маусымда ресми түрде бекітілді. Содан бері бұл күн еліміздің мерекелік күнтізбесінде ерекше орын алып келеді. Мемлекеттік рәміздер – елдің басты құндылықтарының бірі әрі тәуелсіздіктің символы.

Мемлекеттік Ту – көгілдір түсті тік бұрышты мата. Оның ортасында алтын түсті күн мен қыран бейнеленген. Ал сол жағында ұлттық өрнек орналасқан. Көк түс – бейбітшілік пен ашық аспанды білдірсе, күн – өмір мен молшылықтың нышаны. Қыран құс еркіндік пен биік мақсаттарға ұмтылуды бейнелейді. Тудың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.

Мемлекеттік Елтаңба – еліміздің тарихы мен мәдениетінің көрінісі. Оның дәл ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ – ортақ үйдің, бірліктің және татулықтың белгісі. Елтаңбаның екі жағында қанатты пырақтар орналасқан. Жоғарғы бөлігінде жұлдыз, ал төменгі жағында «QAZAQSTAN» жазуы бар. Елтаңбаның авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Мемлекеттік Әнұран – ел рухын көтеретін, отансүйгіштік сезімді оятатын ерекше туынды. Қазіргі Әнұран 2006 жылы қабылданды. Оның негізіне халық арасында кеңінен танымал «Менің Қазақстаным» әні алынды. Әннің сөзін Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев жазса, әнін Шәмші Қалдаяқов шығарған. Әнұран шырқалған кезде әрбір азаматтың жүрегінде туған жерге деген мақтаныш сезімі оянады.

Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету – әрбір азаматтың

парызы. Өйткені рәміздерді қадірлеу арқылы біз өз Отанымызды, тарихымызды және ұлттық құндылықтарымызды құрметтейміз. Әсіресе жас ұрпақтың бойында рәміздерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру маңызды. Бұл олардың елжанды, жауапты азамат болып өсуіне ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіз Қазақстанның айбыны мен абыройын танытатын қасиетті құндылықтар. Олар халқымыздың бірлігі мен берекесінің, егемендігіміздің жарқын белгісі болып қала береді. Сондықтан әрбір қазақстандық мемлекеттік рәміздерді құрметтеп, олардың мәні мен маңызын терең түсінуі тиіс.


**Аялым БҰХАРБАЙ**, Астана қаласы,  
**М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының**  
**11-сынып оқушысы**  
**Республикалық «Farabi shakirti» журналы**  
**мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)**  
**желілік басылым**  
**сайтының Жас тілшісі**  
**Жетекшісі: Байтуғулова**  
**Кульбаршин Калидулаевна,**  
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің**  
**мұғалімі**



## РӘМІЗДЕРІМ ҒАЖАЙЫП

**Автор: Жібек Ысқақова**

Елтаңбам ел жүрегі,  
Бүкіл әлем біледі.  
Пырақты қос арғымақ,  
Елтаңбамның тірегі.  
Желбіреді көк байрақ,  
Көк туымыз көкте ойнап.  
Азаттықтың белгісі,  
Көк байрағым көпке айғақ.  
Әнұраным тағы бар,  
Жан тербейтін әні бар.  
Қолды қойып жүрекке,  
Әнұранды қабыл ал.  
Рәміздерім ғажайып,  
Қалмайықшы азайып.  
Ынтымақта, бірлікте,  
Өзге елдерден озайық!



# ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ АЙНАСЫ

**ЛАСТАҒАН СӨЗДЕР**

- ✗ ШЕТ ТІЛДІҢ ШАМАДАН ТЫС ҚОЛДАНЫЛУЫ  
Қажетсіз жерде орнысыз қолданылатын шетел сөздері тіліміздің табиғатын бұзады.
- ✗ КІРМЕ СӨЗДЕР МЕН ЖАРҒОНДАР  
Түсініксіз, орнысыз сөздер тілдің байлығын кедерлеңдереді.
- ✗ ҚАТЕ СӨЙЛЕУ, БҰРМАЛАП ЖІБЕРУ  
Тіл нормаларын сақтамау ойды да, сөзді де бұрмалайды.
- ✗ ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА ТИСУ, ҚОРЛАУ  
Ана тіліміз – ізгілік пен құрмет тілі. Әрбір сөз – өзімізге жасалған қиянат.
- ✗ ҚЫСКАРТПА МЕН СМС ТІЛІН ШАМАН ТЫС ҚОЛДАНУ  
Ойды толық жеткізбей, тілдің көркемдігін жоғалтады.

**ТАЗА СӨЗДЕР**

- ✓ АНА ТІЛІН ҚҰРМЕТТЕУ  
Ана тіліміз сүйіс, қадірлі және құрметті өмірде қолдану.
- ✓ ТАЗА, ТҮСІНІКТІ СӨЙЛЕУ  
Ойыңды анық, дұрыс әрі әдемі жеткіз.
- ✓ КӨРКЕМ СӨЗ ҚОЛДАНУ  
Мақал-мәтел, тұрақты тіркестерді орынды қолдану – тілге керек.
- ✓ ІЗГІ СӨЗ – ЖАН ШИПАСЫ  
Жақсы сөз – жүректі жылытады, қарым-қатынасты жақсартады.
- ✓ ТІЛДІ ДАМУЫ – ӨЗІНДІ ДАМУЫ  
Көп оқы, көп біл, өз тіліңде сөйлеп, ойыңды байла.

*“Тіл тазалығы – ой тазалығы, ой тазалығы – рух тазалығы.”*

Өнер аяғы – қызыл тіл,  
Тіл кестелі – сөз меруерт.

ТАЗА ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ПЕН ТҮТАСТЫҚТЫҢ КӨПІРІ

Тілімізді қорғайық, тазалығын сақтайық!

Тіл – баға жетпес мұра, ұрпаққа аманат.

Қазақ тілінің болашағы заңмен емес, қолданыспен айқындалады. Егер қоғам ана тілін құрметтеп, баламасы бар сөзді орынды қолданса, тіл табиғи түрде дамиды әрі сақталады. Тілге немқұрайлы қарау – ұлттық болмысқа салғырттық таныту. Ал тілге жауапкершілікпен қарау – болашаққа инвестиция.

## ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ КӨП ОТЫРУЫНЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер жастар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Көптеген жас бос уақытын телефон қарап, түрлі платформаларда өткізеді. Әлеуметтік желі арқылы адамдар ақпарат алып, достарымен байланысып, өз ойларын бөлісе алады.

Әлеуметтік желілердің пайдалы жақтары да аз емес. Олар білім алуға, жаңалықтардан хабардар болуға және жаңа дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жастар өз шығармашылығын көрсетіп, қызығушылықтарына сай орта таба алады.

Алайда әлеуметтік желіні шамадан тыс пайдалану бірқатар мәселелерге әкеледі. Ұзақ уақыт телефонға үңілу

**Қазіргі қоғамда қазақ тілінің қолданылу аясы әлі де жеткіліксіз. Себебі тіл-тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттың болмысы мен рухани тұтастығының айнасы.**

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Кейінгі кезде цифрлық кеңістік тіл тазалығына тікелей ықпал етуде. Әлеуметтік желілерде қысқарған сөздер, қате жазылымдар, аралас сөйлемдер жиі қолданылады. Орфографиялық норма сақталмайды, тыныс белгілері ескерілмейді. Бұл құбылыс уақыт өте келе жазба мәдениетінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Әсіресе жас буын мәтінді дұрыс құрау, ойын әдеби тілде жеткізу дағдысынан алыстап барады. Мәселе – технологияда емес, тілге деген көзқараста. Егер желідегі жазба мәдениеті жауапкершілікпен қалыптасса, ол тіл дамуына да қызмет етер еді.

**Тілдің дамуы мен тазалығы: қарама-қайшы ұғым ба?**

Кейбір пікірлерге сүйенсек, тіл үнемі өзгерісте болады, сондықтан кірме сөздерден қорқудың қажеті жоқ. Шынында да, кез келген тіл тарихи даму барысында басқа тілдермен байланысқа түседі. Алайда даму мен бейберекет араластыру – екі бөлек ұғым. Тіл дамуы жүйелі, табиғи жолмен жүреді. Ал жауапсыз қолданыс – тіл құрылымының әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан тіл тазалығы консервативті ұстаным емес, мәдени жауапкершілік мәселесі ретінде қарастырылуы тиіс.

**Тіл тазалығы – тек филологтардың міндеті ме?**

Кейде тіл мәселесі тек мамандардың немесе мұғалімдердің жауапкершілігі ретінде қарастырылады. Алайда тіл – бүкіл қоғамның ортақ құндылығы. Мемлекеттік мекемелердегі құжат тілінің сауатсыздығы, жарнамалардағы қате аудармалар, телеарналардағы сөз қолдануындағы олқылықтар – тіл мәдениетінің әлсіздігін көрсетеді. Егер ресми ортада тіл нормасы сақталмаса, жастардан мінсіз сауаттылық талап ету қиынсыз.

**Қорытынды**

Тіл тазалығы – ұлттың ішкі мәдениетінің көрсеткіші. Ол тек грамматикалық норманы сақтау емес, ойды анық әрі әдеби түрде жеткізу қабілеті.

6 **Farabi shakirti**

**✓ ПАЙДАСЫ**

- Білім алу және жаңа ақпарат табу**  
Онлайн курстар, білім беру парақшалары, пайдалы контент.
- Қарым-қатынас жасау**  
Достармен, жақындармен оңай байланыста болу.
- Шығармашылық дағдыларды дамыту**  
Идеялармен бөлісу, өз жобаларын таныту.
- Әлемді тану**  
Әртүрлі елдердің мәдениетін, жаңалықтарын білу.
- Мансап және мүмкіндік**  
Жаңа ішкіліктер, жұмыс табу, өзін дамытуға жол ашылады.

**✗ ЗИЯНЫ**

- Уақытты көп алады**  
Оқу, хобби, спортқа беліңгің уақыт азаяды.
- Психикалық денсаулыққа кері әсер етеді**  
Стресс, апатия, депрессия қаупі артады.
- Үйқының бұзылуы**  
Түнде телефон пайдалану ұйқы сапасын төмендетеді.
- Өзін басқалармен салыстыру**  
Өзіне сенімсіздік, комплекстердің пайда болуына әкеледі.
- Назардың шашырауы**  
Зейін қойып қиындайды, ойлау қабілеті төмендейді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУ –  
УАҚЫТЫҢДЫ БАСҚАРУДЫ ҮЙРЕНУ

денсаулыққа зиян тигізіп, көздің көру қабілетіне әсер етеді. Сондай-ақ оқуға бөлінетін уақыт азайып, адамның шынайы қарым-қатынасы төмендеуі мүмкін. Сондықтан әлеуметтік желіні орынды пайдалану маңызды. Әр адам уақытын тиімді жоспарлап, интернеттегі және шынайы өмірдегі белсенділіктің арасындағы тепе-теңдікті сақтауы қажет.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желі – пайдалы құрал. Бірақ оны дұрыс қолданғанда ғана пайдасын көруге болады. Жастар уақыттың қадірін біліп, әлеуметтік желіні мақсатты түрде пайдалануға дағдылануы керек.

**ПЕРНЕБЕК Дамира, Тараз қаласы**

**Дарынды балаларға арналған**

**мамандандырылған**

**«Дарын» лицей-интернатының 11-сынып**

**оқушысы. Республикалық**

**«Farabi shakirti» журналы**

**мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)**

**желілік басылым**

**сайтының Жас тілшісі**





# ТӘУЕЛСІЗДІК:

Рухтың азаттығы мен

Ұлттың аманаты

Әлемдегі әрбір халық үшін еркіндіктен асқан қасиетті ұғым жоқ. Алайда қазақ халқы үшін «Тәуелсіздік» сөзінің салмағы бөлек. Бұл – сан ғасырлық арманның, сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» бастау алып «Желтоқсан оқиғасымен» жалғасқан бостандық жолындағы құрбандықтың жемісі.

Тәуелсіздік – оңайлықпен келген мұра емес. Оның бастауында Күлтегін мен Тоныкөктің тасқа қашалған өсиеті, Қазақ хандығының іргесін бекіткен Керей мен Жәнібектің қажырлы еңбегі жатыр.

Әдеби тұрғыдан алсақ, бұл – Махамбеттің жалынды рухы мен Абайдың терең ойының мәдени жалғасы.

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Қазақ әдебиетіндегі Алаш зиялыларының мұрасы – тәуелсіздіктің ең үлкен рухани байлығы. Міржақып Дулатұлының сол кезеңде «Оян, қазақ!» деп ұрандауы жай ғана өлең емес, ол ұлттың санасында орын алған сілкінісі еді. Олар тәуелсіздіктің негізі – жұмыла әрекет етуде, білім алып, ұлт болашағы үшін күресуде екенін түсінді.

Тәуелсіздік туралы сөз қозғағанда, Желтоқсан оқиғасының қаһармандарын айтпай кету мүмкін емес. Олардың ерлігі – Қабанбай мен Бөгенбай батырлардан қалған «ел үшін жан пида» деген ұлы қағиданың заманауи көрінісі. Бозбала шақтарында «қазақ» деп ұрандап, ел болашағы үшін алаңға беттеді. Бәрінде бір мақсат, ауыр сынақты бастан өткерсе де ақтық демі шыққанша ұлт болашағы үшін күресті.

Бүгінгі Тәуелсіздік – бізге аманат. Бұл аманатты сақтау тек мереке тойлаумен шектелмейді. Ол тілді қастерлеу: Ана тіліміздің мемлекеттік деңгейдегі мерейін арттыру. Бәсекеге қабілетті ұлт болу.

Өткеннің қателігінен сабақ алып, болашаққа сенім-

мен қарау. Тәуелсіздік – бұл тарихтың бізге берген ең үлкен мүмкіндігі. Біз үшін көк тудың желбірегені — бабалар арманының орындалғаны, ал келер ұрпақтың бақытты болашағының кепілі. Ендеше, осы қасиетті ұғымды жанымызбен сезініп, рухымызбен ардақтай білейік.

Тәуелсіздігіміз баянды, еліміз егеменді болсын!



**МАЕРБЕК Дина Мейірханқызы,**  
Жамбыл облысы, Тараз қаласындағы  
«Д.М Карбышев атындағы  
16 орта мектебінің»

11 сынып білім алушысы.

Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ТІРЕГІМ

Гулмира Кузембаева

Тәуелсіздік - тірегім,

Тәуелсіздік - жүрегім.

Ата-бабамды аңсатқан.

Тәуелсіздік сен едің!

Тәуелсіздік - даспаным,

Тәуелсіздік - аспаным.

Қиындықпен келгенмен

Айырылып қалу қас-қағым.

Тәуелсіздік алғаның,

Қуанып бір қалғаның.

Тәуелсіздік - ту болып,

Желбіреп көкте тұрғаның.

Ата-анаң қуанып,

Бір жадырап қалғаның.

Тәуелсіздік бізде қалғаның

Есінде сақта мәңгілік!

<https://bilim-all.kz/olen/4640-tauelsizdik-tiregim>



# Тіл тағдыры – ұлт тағдыры

Тіл – ұлттың жаны, рухы һәм тарихы. Өр халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен әдебиеті тіл арқылы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Сондықтан да «Тіл тағдыры – ұлт тағдыры» деген ұғым терең мағынаға ие. Тілінен айырылған ұлт, уақыт өте келе өзінің ұлттық болмысын, салт -дәстүрінен де айырылады. Бүгінгі жаһандану заманында- тіл мәселесі алдыңғы жылдамен салыстырғанда елеулі өзектілікке ие.

XX - ғасыр зиялылары үлкен нәубет кезеңде ақтық демі шыққанша қазақ тілінің маңызы мен мүддесін қорғап, ұлтты сақтау жолында жандарын пидә еткен. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп атап көрсеткен. Бұл пікір тілдің ұлт өміріндегі рөлін айқын дәлелдейді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың тарихи жадын, мәдени мұрасын сақтайтын негізгі құндылық болып табылады.

Қазіргі таңда қазақ тілінің мәртебесін арттыру бағытында бірқатар маңызды жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Конституциясында Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Сонымен қатар тіл саясатын дамыту мақсатында арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған шаралар іске асырылып келеді. Мысалы, соңғы жылдары қазақ тілінде білім беретін мектептердің саны артып, жоғары оқу орындарында қазақ тіліндегі ғылыми еңбектер көбейіп келеді.

Статистикалық деректерге сүйенсек, халықтың басым бөлігі қазақ тілін түсінеді және қолдана алады. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде, теледидарда және интернет кеңістігінде қазақ тіліндегі контенттердің, балаларға арналған қазақ тілінде дубляждalған мультфильмдердің саны жылдан жылға артып келеді. Бұл – тілдің қоғамдағы маңызын арттырып, оның дамуына жаңа мүмкіндіктер ашып отырғанын көрсетеді.

Дегенмен белгілі бір қиындықтар да бар. Кейбір жастар арасында шет тілдеріне қызы-

ғушылық жоғары болғанымен, ана тілін терең меңгеруге жеткілікті көңіл бөлінбейді. Әсіресе қалалық ортада қазақ тілін күнделікті өмірде қолдану деңгейі кейде төмен байқалады, тіпті үйде отбасы мүшелері бір-бірімен қазақ тілінде емес орыс тілінде қарым-қатынас жасайды. Мұндай жағдай ұлттық тілдің дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан тілдің дамуы тек мемлекеттік саясатқа ғана емес, әр азаматтың жеке жауапкершілігіне де, баланың отбасыдан алатын әрбиесіне де байланысты.

Тілді сақтау ең алдымен отбасынан басталады. Егер ата-ана балаларымен ана тілінде сөйлесіп, ұлттық әдебиеттерді оқуға баулыса, тілдің өміршеңдігі сақталады. Сонымен қатар мектеп, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдениет саласы да тілдің дамуына үлкен үлес қосады. Әсіресе журналистика мен медиа саласында қазақ тіліндегі сапалы контенттің көбеюі қоғамдағы тіл мәртебесін арттыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, тіл – ұлттың ең басты рухани тірегі. Тілді сақтау мен дамыту – тек мемлекет үшін ғана емес, әрбір азамат үшін маңызды міндет. Ана тілін құрметтеп, оны күнделікті өмірде қолдану арқылы ғана біз ұлттық болмысымызды сақтай аламыз. Сондықтан тіл тағдырына бейжай қарамай, оны келер ұрпаққа аманат ету – баршамыздың ортақ парызымыз.



**КЕРИМХАН Аружан,**  
Алматы қаласы  
Білім басқармасының  
«№198 мектеп-  
гимназиясының»  
11 сынып білім алушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі

# БЕРІК ОТБАСЫ – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРГЕТАСЫ

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Ұлы сезім махаббаттың нәтижесі - неке ме, әлде ажырасу ма? Ата-аналардың келіспеушілігінен ажырасқан отбасындағы балалар өмірі кімді ойлатады? Көптеген ата-ана жеке басының тыныштығын ойлап, ажырасқанын деректерден оқып, білудеміз? Ата-анасы ажырасқан соң, міндетті түрде әкесі басқа отбасын құрады, ал анасы ше?.. Тұрмыс тауқыметін жеңілдетпек болып, басқа тұрмыс құрады, балалары өз әкесі емес, өгей әке қолына өтеді. Не қайта тұрмыс құрмай балаларын жеткіземін деп екі-үш жұмыс істеп, немесе бизнес саласында уақытпен санаспай еңбек етеді. Балаға көңіл бөлу, тәрбиелеу мәселесі кейінге ысырылып қалады. Қоғамдағы ажырасу үшін ешкімді кіналай алмаймын. Мені толық емес отбасындағы жасөспірімдер тағдыры алаңдатады.

Кейінгі кезде ажырасу үлкен жаңалық болмай қалды. Бірі үшін бұл - мәселеден құтылу жолы, енді бірі үшін - тағдырдың ауыр соққысы. Махаббат уәдеден басталып, неге үнсіз қоштасумен аяқталады? Бір шаңырақ астында айтылған армандардың тағдыры неліктен ажырасу шешіміне тіреледі? Бұл - тек екі адамның емес, тұтас қоғамның ойлануын қажет ететін мәселе.

Ресми деректер ажырасудың ауқымын айқын көрсетеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, елде жыл сайын 40 мыңнан астам неке бұзылады, ал тіркелген некелердің шамамен 40-50 пайызы ажырасумен аяқталады. Ерекше назар аударатыны - ажырасқан жұптардың басым бөлігі 1-5 жыл ғана бірге өмір сүрген жас отбасылар. Бұл көрсеткіш отбасы институтының әлсіреп бара жатқанын анық көрсетеді. Ажырасудың басты себептері көбіне күнделікті өмірмен тікелей байланысты. Қаржылық тұрақсыздық, жұмыссыздық, тұрғын үй тапшылығы ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты күрделендіреді. Материалдық қиындық отбасындағы түсіністікті шайқалтып, сабырды саркиды. Ал сабыр жоғалған жерде жанжал көбейеді. Сонымен қатар, қазіргі қоғамда жауапкершілікке жеңіл қарау үрдісі байқалады. Некеге тұру оңай шешімге айналып, оны сақтап қалу екінші орынға ығысқандай. Көп жастар отбасын ортақ еңбек пен төзім деп емес, жай ғана сезімнің жалғасы деп қабылдайды. Ал сезім суығанда, ажырасу «шешім» ретінде алға шығады.

Америкалық отбасылық психологияның негізін қалаушылардың бірі Вирджиния Сатир ажырасудың басты себептерін атап көрсетеді. Оның айтуынша: «Отбасындағы ең үлкен қателік - бір-бірін тыңдамау және сезімді жасырын күйде қалдыру». Психологтың пікірінше, көптеген отбасыларда мәселе махаббаттың жоғалуынан емес, эмоцияны дұрыс жеткізе алмаудан туындайды. Сөзбен айтылмаған реніш уақыт өте келе ішкі қашықтыққа, ал ол ақырында ажырасуға алып келеді. Статистикаға сәйкес, Қазақстандағы жалғызбасты отбасылардың 70 пайыздан астамы ажырасудың нәтижесінде қалыптасқан. Бұл көрсеткіштің артында сансыз тағдыр, ең алдымен - баланың тағдыры тұр.



Толық емес отбасында өскен бала көбіне психологиялық тұрақсыздыққа тап болады. Толық емес отбасыда өскен балалардың қоғамға бейімделуі қиын болады. Сонымен бірге сондай жағдайларға куә болған баланың болашақта отбасылық жауапкершіліктен қашу қаупі жоғары. Яғни, ажырасу бүгінгі шешім болғанымен, оның салдары ұзақ жылдарға созылады.

Отбасы - мінсіз өмір емес, мінезді, сабырды және ортақ жауапкершілікті талап ететін кішігірім қоғам. Егер еліміз ажырасуды қалыпты құбылыс ретінде қабылдай берсе, ертең оның салдарымен бетпе-бет келетіні анық. Нағыз өмірлік сабақ - қиындық келгенде кету емес, қалу, түсіну және бірге еңсеру. Берік отбасы - берік қоғамның іргетасы.

НҮРМАШ Нұрай,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,  
Қожабақы ауылы  
«№25 орта мектептің» білім алушысы.

Республикалық «Farabi shakirti»  
журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі





## Жақсы дәрігер – дертпен күрестегі ең жақын адамың!

«Жанарыңның жарығы сөнбесін,  
Көңіліңді қараңғылық жеңбесін!»

Ашык Вейсель, түрік ақыны

Алла кезіктіретін жандар болады, оларды жүрек іздеп табады. Менің ұзақ жылдан бергі көз дәрігерім - Гүлнар Әбжаппарқызы Балтабаева. Светлана Тен, Владимир Цой. Есімі аталған дәрігерлер - қиын күндер мен ауыр сәттерде жігер беріп, емдеп шығуға барын салған жандарды бір сәтке ұмытқан емен. Түлкібас аудандық орталық ауруханасының білікті көз дәрігері Гүлнар Әбжаппарқызының әр мезгіл жүйелі түрде үйге дейін келіп, қолдап отырады.

Менің диагнозым - көз жүйкесінің атрофиясы. Бұл - сал ауруынан туындаған патология. Көзден миға ақпарат тасымалдайтын көру жүйкесі талшықтарының зақымдануынан




көру қабілеті төмендейді. Мұндай жағдайда қолда бар көру мүмкіндігін сақтап, емді жүйелеп отыратын білікті дәрігер табу - қиынның қиыны. Осы орайда, бағыма орай, ауданымыздан нағыз маман кездесті. Жеті жыл бұрын жанарым күрт нашарлағанда, Гүлнар Әбжаппарқызының үлкен кәсіби біліктілігінің арқасында (марқұм Владимир Цой дәрігерімен бірге) бүгін әлемді көріп, ел қатарлы өмір сүріп жүрмін. Бүгін сол жақсы адам тағы да жүрегімізді жылытты: көзіне ағаш қоқымы кіріп, жедел жәрдеммен барған әкеме

де дер кезінде көмек көрсетті.

Жақсы адамдардың барына шүкір! Соңғы кезде шипа іздеп барып жүрген дәрігерім – Мағжан Жүсіп Әлікұлұлы.

«Қиындыққа шыдам тілеген кеудеге жақсы дәрігермен кездесудің өзі - қуаныш. Дәрігер - дерт жанын әбігерге тү-



сірген жан үшін ең жақын жан, қолдау көрсетеді деп сенген адам. Науқастың әр сөзін қабылдап, қолдап, үмітін үкілеп тұратын дәрігер атаулыға ризашылықтан өзге айта алмайсың...» деген Анна Германның ойын әр күні қайталап келемін. Күні кеше тағдырласым, тәжік ақыны Ситора Ахрордың «Адал» өлеңі Мағжан Әлікұлұлымен тілдескен сәтте ойыма бірден құйылып сала берді. «Дәрігер досыңа айнал-



са, сен ауруды міндетті түрде жеңесің» деген орыс жазушысы Антон Чеховтың ойын санама сіңірген, талай рет алдына барғанымда бір тиын алмай, емдеп жүрген білікті елге танымал неврологтар – Лаура Алихановна мен Гүлмира Амангелдіқызы, Байрамов Зауыр.

Аяққа тұрғызған бала кезден қараған дәрігерім – Аббасов Мұстафа. Түлкібас аудандық орталық ауруханасының неврологы Умирбекова Жансая мен Воп дәрігерім – Кошкинова Сәуле, ортопед дәрігер Валиев Зиядин, жүрек дәрігерім Даупбаева Мариямдардың арқасында ел мәдениетіне үлес қосып, еңбектеніп келемін. Дәрігер – дертпен күрестегі сенімді серігің, керек кезде қорғаның. Антына адал дәрігерлер қатары арта берсін!

**ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,**  
**«Шарапат» шығармашыл жастар**  
**байқауының бас жүлде иегері,**  
**бірінші топтағы ерекше қажеттілі бар азамат**



# ЕЛ ЕРТЕҢІ – БІЛІМДІ ҰРПАҚТА

Алматы қаласы білім басқармасының №58 жалпы білім беретін мектебімізде өткен әсерлі кездесулердің бірі – ағайынды Ержан мен Қуаныш Жұмабекұлы ағаларымызбен болған сыр-сұхбат.

Ержан Жұмабекұлы - Ақын, PhD докторы, Қазақстан Жастар одағы «Серлер» сыйлығының иегері, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одағының мүшесі. «Шексіздік шұғыласы» және Түркиядағы «Medeniyetin Buçları» қоғамдық ұйымының қолдауымен шыққан «Sonsuzluk Şulesi» атты кітаптардың авторы.

Қуаныш Жұмабекұлы - 4 тілді еркін меңгерген аудармашы, докторант 2015 жылы Анкарадағы «Bizim Büro» баспасынан ағылшын тілінде «Let's Learn to Speak English» атты кітабы жарық көрген. 25 елмен тікелей байланысқа шыққан ғалым. Шығыс Қазақстанның Семей топырағынан түлеп ұшқан ағаларымыз өз саласында жетістікке жетіп, асыл сөзді маржандар төгілді.

– Қазіргі жастарға, мектеп оқушыларына қандай кеңес берер едіңіз?

**Ержан Жұмабекұлы:** – Жастарға айтар ең басты кеңесім – үнемі ізденісте болу. Ізденістің қайнар бұлағы – кітап. Кітап – адамның жан дүниесін байытып қана қоймай, ой-өрісін кеңейтеді, жаңа дүниелерді тануға жол ашады. Әрбір парақтан сіздер жаңа бір әлемді ашасыздар. Қаншалықты көп кітап оқысаңыздар, соншалықты дүниетанымдарыңыз қалыптасып, өз пікірле-



ріңізді дәлелді жеткізе аласыздар.

– Сіз тіл мәселесін жиі көтеріп, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің алдында сөз сөйлеген сәттеріңізде қобалжу болды ма?

**Ержан Жұмабекұлы:** – Мен үшін көпшілік алдында сөз сөйлеу – жат емес. Бала күнімнен киелі сахнада айтысып, өнер көрсетіп жүргендіктен өсе келе халық алдында төселе бастадым. Тәжірибием мен жауапкершілігімнің арқасында Семей өңірінде өткен кездесуде мемлекет басшысының алдында аса қатты қобалжу болмады. Керісінше, еліміздің болашағы мен ертеңі үшін ойымызды ашық ортаға салдық.

– «Ержан аға ақын, Қуаныш аға ғалым ретінде танылып жүрсіздер. Осы өнер мен ғылымға деген қабілеттеріңіз қайдан, кімнен дарыды деп ойлайсыздар?»

**Қуаныш Жұмабекұлы:** – Мен де ағам секілді бала кезімнен киелі сахнада өнерімді ортаға салып, түрлі айтыстарға қатыстым. Бұл қаннан келеді деп ойлаймын. Нағашы атамыз айтыскер ақын болған. Өз жұртымыз да беделді болған. Әрине, тектің әсері бар. Дегенменде адамның жетістігі өзіне байланысты. Кез-келген салада жетіске жету үшін табандылық пен еңбек керек.

– «Өлеңдеріңіз жиі жарық көріп жатыр. Ақын үшін өлеңді қалай жазған дұрыс, оның басты талаптары қандай?»

**Ержан Жұмабекұлы** – Өлең жүректен шығатын дүние. Қалай жазғыңыз келесе солай жазыңыз. Әр ақынның стилі, қолтаңбасы, көзқарасы әртүрлі. Поэзия әлемінде қатып қалған өлшем жоқ. Дегенмен, бунақ пен ұйқас сынды негізгі талаптарға мән беру қажет. Өлеңнің әуезділігі мен үйлесімділігі соларға тікелей байланысты.

– Тіл маманы ретінде, бүгінгі күні қоғамда жиі қате қолданылып жүрген қандай сөздерді атар едіңіз?»

**Қуаныш Жұмабекұлы:** – Мысалы, көпшілігіміз қате қолданып жүрген сөздер бар. Мәселен, «жұмыс жасаймын» емес, дұрысы – «жұмыс істеймін». Сондай-ақ «мен ойлаймын» деу де қате, қазақ тілінде оның орнына «менің ойымша» деп айтқан дұрыс. «Көбісі» дегеннің орнына «көбі» деп қолданған жөн. Ал «үлкен рахмет» – орыс тілінен тікелей аударылған тіркес, қазақша дұрысы – «көп рахмет». Ұсақ түйек болып көрінгенмен дәл осындай қателер тілімізге нұқсан келтіреді. Сол үшін де дұрыс жазып, дұрыс айтып үйренейік.

– Сұхбат барысында Ержан Жұмабекұлы мен Қуаныш Жұмабекұлы оқушыларға ақ тілектерін жеткізді.

**Ержан аға** – «Жастардың жүрегінде үміт оты сөнбесін. Кітап оқудан жалықпаңдар, өйткені білімді ұрпақ қана елдің ертеңін жарқын ете алады», – деп ізгі тілегін білдірді.

Қуаныш аға: «Тілді құрметтеу – өзімізді құрметтеу. Ана тілін ардақтаған ұрпақ ешқашан адаспайды. Ізденіңдер, еңбектеніңдер, армандарына адал болыңдар», – деді.

Осылайша мектебімізде өткен сырлу кездесу баршамызға ой салып, болашаққа деген сенімімізді нығая түсті.

**Шакира НИЯЗБАЕВА,**  
Алматы қаласы Білім басқармасының  
«58 ЖББМ» -нің 11 - сынып оқушысы.  
Жетекшісі:

Сансызбаева Алтынай Косаумасқызы,  
Шабарова Нуркуль Тилеукулқызы



Университет – әр жастың өміріндегі жаңа кезең. Мектеп түлектері үшін университет кезіндегі әрбір кезең қызық. Университеттегі белсенді студенттер, түрлі ұйымдар. Мұның бәрі студент кездегі қайталанбас кездер. Мен осы жылғы жас түлекпін! Дәл осы сәттен университетіме қызығып кеттім.

Солайша, өз қаламдағы университеттегі ашық есік күніне бардым. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Маған университет атмосферасы қатты ұнады. Студенттер арасындағы белсенділік өте жоғары. Мамандық бойынша көптеген қоғамдық ұйымдар мені таңғалдырды. Әсіресе Журналистика факультеті.

Енді жұрфактың белсенділігін айтып жеткізу мүмкін емес. Мен ойлағаннан да асып түсті. Тіпті бөлек әлем десем де қателеспеймін. Бізге біздің алдыңғы аға, әпкелеріміз университеттің корпусын таныстырды. Универстің аумағы да көлемі жағынан үлкен. Маған ұнағаны ҚазҰУ қалашығы. Тап бір саябақ секілді. Студенттер демалып, таза ауада сабақ қараса да болады екен. Маған тағы бір ұнаған нәрсе "Біз" театры. Нағыз шығармашыл жандар жиналған орта. Түрлі спектакль мен қойылымдар. Қызықты рөлдер.

Тездетіп жоғары оқу орнына түскім келіп кетті. Иә, бұйырса ол күнде алыс емес. Бастысы нәтиже. Талпынса, қаласа бәрі де мүмкін. Солай мен университетпен қимай қостасып қайта келемін деп өзіме уәде бердім.

## ЕГЕР МЕНІҢ ӨМІРІМ ФИЛЬМ БОЛСА МЕН ОНДА ҚАНДАЙ РӨЛДІ СОМДАП ЖҮРМІН?

Өмір - бұл кинодағы немесе фильмдегі басты локация секілді. Себебі, фильмдегі барлық кейіпкердің рөлі өмір жолымен байланысты. Бірақ, фильмде барлығын алдын-ала сценарист жазып, актерлерге сөзін, болатын оқиғаны дайындап береді. Ал шын өмірімізді фильм ретінде қарастырсақ мүлде олай емес. Болашақта не болатынын болжап, білу қиын.

Бірақ, мен үшін бір нәрсе қызық. Егер менің өмірім фильм болса, мен онда қандай рөлді сомдап жүрмін? Мен басты кейіпкермін. Ең бастысы фильмде өзіме берілген рөлді жоғары



деңгейде алып шыққым келеді. Фильмдегі басты кейіпкер мынадай адам: ашық, жарқын, мейірімді, кез-келген ортамен тез тіл табысып, жақын араласып кететін жан. Бірақ оның бір қасиеті бар. Ол бұл қасиетін жақсы ма, әлде жаман ба осы нәрсенің ара жігін ажырата алмайды. Ол аңқау әрі тез сенгіш. Кез-келген жанға рас екен ғой деп сенімі артады. Бұл қасиетін көрермен біраз сынға алды. Себебі олар біледі. Оған бұл әдетінің жақсылық әкелмейтінін. Керісінше өзі жапа шегеді.

Бірақ бұл жай ғана фильм. Шын өмірде мен де дәл сондаймын. Сыртқы бейнесі де сол. Алайда, қазіргі заманда кез-келген жанға сенім білдіру қиын. Мен болсам ол қасиетті өз бойынан байқадым деп аса бір айтпаймын. Керісінше мен үшін ол үлкен тәжірибе. Фильмдегі оқиғалар, түсірілген әр кадр менің шын өмірімде де мен үшін сабақ. Өмір ол фильмдегідей емес. Әр адамның тағдыры да әртүрлі. Бірінің дәм-тұзы ерте таусылса өмір атты киномен қоштасуына тура келеді. Ал кейбірі фильм-



ге жаңадан кейіпкер ретінде еніп жатады. Шынайы өмір де фильм секілді: біз тек актерміз. Тек барлығымыз дәл осы өмірде бір кадрдамыз. Ең соңында басты кейіпкер есімі бас әріппен тек құлыптасында ғана жазылады. Өкініштісі осы.

Сол себепті қысқа метражды фильмде, өмірімізде бір-бірімізге сыйластық танытып, құрметтеп жүрейік. Кейін фильм аяқталғаннан кейін өкінбеу үшін. Себебі өткенді еш уақытта монтаждауға келмейді.

**АБДРАХЫН Ажар Ерланқызы,**  
Алматы облысы, Талғар ауданы,  
Қызыл-қайрат ауылы,  
«№19 орта мектеп-гимназиясының»  
11 сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti»  
журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік  
басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор

## ЖУРНАЛИСТИКА ҚОҒАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ МЕ, ӘЛДЕ ТЕК КӨРСЕТЕДІ МЕ?



Қазіргі таңда журналист мамандығына қызығушылық күннен-күнге артып келеді. Журналист тек ақпарат таратып қана қоймай, оқиғаның мән-жайын терең зерттеп, шынайы түрде жеткізеді.

Жасөспірімдердің көпшілігі бүгінде танымал болуды қалайды, сондықтан журналист болуды танымалдылықтың бір кілті деуге болады. Журналист кім? Менің ойымша, журналист – жан-жақты дамыған тұлға. Бұл мамандық кез келген адамның қолынан келе бермейді. Журналист болу оңай емес: ол бейтарап болып, ақпаратты жинап қана қоймай, оны әсерлі жеткізе білуі керек. Журналистика қоғамды өзгертеді ме, әлде тек көрсетеді ме? Меніңше, бұл сұраққа былай жауап беруге болады: журналист – ақпараттың қайнар көзі. Ақпаратты дұрыс жеткізу тек білікті мамандардың қолынан келеді. Себебі журналист тек мәлімет беріп қоймай, оны «сөйлете» білуі тиіс.

Адамдардың көпшілігі құр сөзге сене бермейді. Олар тек өз көзімен көріп, құлағымен естігенде ғана сенеді. Егер журналист ақпараттың рас-өтірігін ажыратып, оны барынша шынайы көрсете алса, онда ол тек бір адамның емес, тұтас қоғамның ойын өзгерте алады. Журналистикаға түсу де оңай емес. Себебі журналист ақпаратты дұрыс жинай білуі керек, әрқашан бейтарап болып, үнемі ізденісте жүруі шарт.

Ең бастысы – журналист өз мамандығының маңызын түсінуі керек. Себебі ол қоғамдағы адамдардың ойын өзгертіп, бағыт бере алатын тұлға. Сондықтан журналистика тек көрсетіп қана қоймай, қоғамды да өзгертеді.

### Жалғыздықтың адам өміріндегі орны мен маңызы

Жалғыздық – адам өміріндегі ең қызықты құбылыстардың бірі. Кей адамдар жалғыздықты теріс мағынада түсінеді, алайда жалғыздық адам өміріне тигізер пайдасы да, зияны да бар. Сондықтан жалғыздықты жаман немесе жақсы деп біржақты бағалай алмаймыз.

Жалғыздық адамға тыныштық беретін сәт,



көп адамдар жалғыз қалғанды ұнатады, кей адамдарға жалғыздық қорқынышты болып та көрінеді.

Бір жағынан, жалғыздық адамға өз-өзімен қалып, ойлануға мүмкіндік береді.

Адам тыныштықта қалып, өміріндегі мәселелерді шешуге ұмтылады, алға қойған мақсаттарын айқындайды. Осындай сәттерде адамда жаңа ой туып, жоспар құра алады. Кейде шығармашылықпен айналысатын адамдарға жалғыздық ұнап жатады, себебі тыныштықта ойды жинақтау өте тез.

Екінші жағынан, ұзақ уақыт бойы жалғыздықта болу кері әсерін тигізеді. Адам – қоғамда өмір сүретін тіршілік иесі, сондықтан оған қарым-қатынас керек. Жалғыздық сезімі көбейген сайын адамда мұң, күйзеліс пайда болады. Бұл оның психологиялық жағдайына әсерін айрықша тигізеді. Сондықтан жалғыздық шектен тыс болмауы қажет.

Менің ойымша, жалғыздық адам өміріне тигізер



пайдасы зор. Себебі жалғыздықта адам өзін жақсы сезініп, күйзелістен ажырайды. Жалғыздықта күйзеліске түспеу үшін табиғат аясында өткізу қажет. Табиғат аясында тыныштықта қалу арқылы адамның санасы мен қоса денсаулығына пайдасын тигізеді.

Жалғыздық адам өмірінің ажырамас бөлігі. Ол кейде пайдалы болса, кей жағдайда зиянды болып та келеді. Ең бастысы – жалғыздық пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті сақтай білу керек. Сол арқылы адам өзін бақытты сезінеді.

**СЕРҒАЗЫ Ақниет Жақыпбекқызы,**  
Алматы облысы, Кеген ауданы,  
«Қарақара ауылындағы орта мектептің» 11- сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор



## ЭКОЛОГИЯ – БҮКІЛ АДАМЗАТҚА ОРТАҚ МӘСЕЛЕ

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Ауа мен судың ластануы, ормандардың азаюы, климаттың өзгеруі – адамзат алдында тұрған маңызды проблемалар.

Экологияның нашарлауына адамдардың өздері себеп болып отыр. Зауыттардан шыққан түтін, пластик қалдықтар, көліктердің көбеюі табиғатқа үлкен зиян келтіреді. Соның әсерінен кей жануарлар жойылып, ауа температурасы өзгеруде.

Қазақстанда да экологиялық мәселелер бар. Арал теңізінің тартылуы – соның бір дәлелі. Сонымен қатар үлкен қалаларда ауаның ластануы халық денсаулығына әсер етуде. Сондықтан табиғатты қорғау әр адамның міндеті болуы тиіс.

Экологияны сақтау үшін ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптау, пластикті аз қолдану қажет. Егер әр адам табиғатқа жауапкершілікпен қараса, қоршаған ортаны сақтап қалуға болады.

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ – МҮМКІНДІК ПЕ, ӘЛДЕ ТӘУЕЛДІЛІК ПЕ?

Бүгінде әлеуметтік желісіз өмірді елестету қиын. Instagram, TikTok, Telegram сияқты платформалар адамдардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Әлеуметтік желі арқылы адамдар ақпарат алып, байланыс орнатып, өз ойын еркін жеткізе алады.

Әлеуметтік желінің пайдалы тұстары өте көп. Біріншіден, адамдар әлемдегі жаңалықтарды жылдам біледі. Екіншіден, онлайн оқу мен кәсіп дамытуға мүмкіндік бар. Қазіргі таңда көптеген жастар әлеуметтік желі арқылы табыс тауып жүр. Блог жүргізу, жарнама жасау, онлайн сауда – жаңа заманның мүмкіндіктері.

Сонымен қатар әлеуметтік желінің зияны да аз емес. Кей жастар уақытын бос өткізіп, телефонға тәуелді болып кетеді. Ұзақ уақыт экранға қарау денсаулыққа да әсер етеді. Бұдан бөлек, жалған ақпарат пен кибербуллинг мәселесі де қоғамда жиі кездеседі.

Сондықтан әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану өте маңызды. Әр адам уақытын тиімді жоспарлап, интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтауы керек.


УЛЖАБАЕВА Алмагуль,  
Алматы облысы, Жамбыл ауданы,  
«Қарғалы №3 орта мектебінің»



11«А» сынып оқушысы  
Республикалық  
«Farabi shakirti»  
журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі

Шығармашылық  
жетекшісі:

Жақыпбек Елдар Еркінұлы,  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Суреттер: ЖИ, жолдаған автор





Біз өмір сүріп жатқан XXI ғасыр - тұтынушылық мәдениеттің шарықтау шегіне жеткен дәуірі. Бүгінде ақпараттық ағым мен әлеуметтік желілер адамға не киіп, не ішіп, қандай гаджет ұстау керектігін таңнан кешке дейін диктатурамен көрсетіп отырады. Осындай жағдайда, әсіресе тұлғалық және қаржылық тұрғыдан әлі толық қалыптасып үлгермеген жастар үлкен қысымға ұшырайды. Нәтижесінде, еңбек жолын жаңа бастаған немесе әлі студент қатардағы жастардың өз табысынан асыра шығынданып, ерте жастан қарыз бен несиелер батпағына батуы - қазіргі қоғамның ең ауыр әрі өзекті мәселесіне айналды.

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ: ЖАСТАР НЕГЕ ЕРТЕ ҚАРЫЗҒА БАТАДЫ?

Жастардың ерте қарызға батуының бірінші және басты себебі - тұтынушылық несиелер мен бөліп төлеу (расрочка) жүйесінің тым қолжетімді болуы. Қазіргі таңда кез келген банк қосымшасы арқылы санаулы секундтар ішінде, ешқандай табыс растаусыз-ақ миллиондаған теңгеге несиелену алуға болады. Көздің жауын алатын жаңа үлгідегі смартфондар, брендтік киімдер, қымбат шетелдік саяхаттар - бәрі де «қазір ал, төлемін кейін көрерсің» деген тартымды ұранмен ұсынылады. Жастар психологиялық тұрғыдан ақшаның қолдан қолма-қол шығып жатқанын сезбейді. Цифрлық форматтағы ақшаны жұмсау оңай болғандықтан, олар өздерінің нақты төлем қабілетін ұмытып, импульсивті сатып алуларға бой алдырады.

Екінші маңызды фактор - «FOMO» (Fear of Missing Out) синдромы немесе трендтен қалып қою қорқынышы. Әлеуметтік желілердегі замандастарының мінсіз, сәнді әрі қымбат өмірін көрген жас буын «менің олардан қай жерім кем?» деген ойға беріледі. Сананы улаған бұл иллюзия адамды өз қалтасы көтермейтін өмір деңгейін имитациялауға мәжбүрлейді. Статусты, беделді көрсету үшін алынатын қымбат көліктер, қымбат мейрамханалардағы кештер мен соңғы үлгідегі гаджеттер көбіне маңдай термен табылған ақшаға емес, мойынға ілінген несиелерге алынады. Бұл - қаржылық сауатсыздықтың ең айқын көрінісі.

Үшінші себеп - іргелі қаржылық сауаттылықтың мүлдем жоқтығы. Өкінішке қарай, мектеп қабырғасында да, жоғары оқу орындарында да адамға ақшамен дұрыс жұмыс істеуді үйретпейді. Жастар кіріс пен шығысты есептеуді, бюджетті жоспарлауды, актив пен пассивтің айырмашылығын білмейді. Көптеген жастар алғашқы табысын тапқан кезде оның белгілі бір бөлігін жинаудың орнына, бәрін бір айдың ішінде жаратып тауысады. Одан қалды, жеңіл әрі жылдам байлығы келетін сезімге еріп, түрлі қаржылық пирамидаларға, күмәнді букмекерлік кеңселер мен құмар ойындарға (лудомания) араласып, одан сайын үлкен қарызға батады.

Бұл тығырықтан шығудың жалғыз жолы -

қоғамда және мемлекеттік деңгейде қаржылық сауаттылық мәдениетін қалыптастыру. Жастар ерте жастан мынадай алтын ережелерді бойына сіңіруі тиіс:

- Бюджетті бақылау: Әр айдың басында кіріс пен міндетті шығындарды (пәтер ақы, тамақ, жолақы) есептеп, соған сай әрекет ету.
- Қаржылық қауіпсіздік жастығы: Кез келген күтпеген жағдайға (жұмыссыз қалу, денсаулық) қарсы кем дегенде 3-6 айлық табыс көлеміндегі қаражатты депозитке сақтап қою.
- Табыстың 10-20 пайызын жинау: «Алдымен өзіңе төле» принципі бойынша, кез келген табыстың бір бөлігін инвестицияға немесе жинаққа бағыттау.
- Ақылға қонымды несиелену: Несиелену тек табыс әкелетін құралға (мысалы, білім алу немесе бизнес бастау) ғана алуға болады. Тұтынушылық қызықтар үшін қарызға бату - болашақты бүгіннен бастап құрдымға жіберумен тең.

Қорыта айтқанда, ақша - бұл тек айырбас құралы ғана емес, ол үлкен жауапкершілік. Еркін әрі тәуелсіз өмір сүргісі келетін кез келген жас адам ақшаның құлы емес, оның қожайыны болуды үйренуі қажет. Қаржылық сауаттылық - бұл заманауи әлемде аман қалудың және табысқа жетудің басты кепілі. Бүгінгі үнемделген және дұрыс бағытталған бір теңге - ертеңгі күнгі үлкен бостандығыңыз бен жарқын болашағыңыздың іргетасы.



САҒЫНДЫҚ Зере,  
Қарағанды қаласы, №59 ЖББМ  
11-сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti»  
журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым сайтының  
Жас тілшісі  
Жетекшісі:  
Оразбаева Жанар Кенжебаевна  
Қазақ тілі және әдебиет  
пәнінің мұғалімі

# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ БАСТЫ ҚАТЕЛІКТЕР



лар қажет, күнделікті жұмыс тәртібі қалай өтеді, еңбек нарығында сұранысы қандай деген сұрақтарға жауап іздемей жатып шешім қабылдайды. Мысалы, психолог мамандығы көпке қызықты көрінеді, бірақ оның сексен пайызы адамдардың эмоционалды проблемаларымен жұмыс істеу, үнемі тыңдау, жұбату және мұның өзі эмоционалды күйіп қалу қаупін тудыратынын аз адам біледі. Нәтижесінде таңдаған бағыты көңілінен шықпай, уақытын жоғалтып жатады. Кейбір түлектер тіпті бірінші сессиядан кейін оқудан шығып қалады. Сондықтан мамандықты таңдамас бұрын кәсіпорындардағы ашық есік күндеріне барып, кәсіби мамандармен сөйлесіп, кем дегенде он вакансияны зерттеп, сол маманға қойылатын талаптарды нақты білген жөн.

Тағы бір маңызды мәселе – өз мүмкіндігін дұрыс бағаламау. Кейде жастар өзгелерге еліктеп, өз қабілетіне сай келмейтін мамандықтарды таңдайды. Кейбір түлек өзін тым жоғары бағалап, күрделі физика-математикалық мамандыққа оңай түсіп кетемін деп бірінші сессияда оқудан шығып қалады. Екінші бір түлек керісінше, өзіне сенімсіздікпен, шығармашылық қабілеті орасан зор бола тұра, есепші мамандығын таңдайды. Ал әр адамның таланты мен дарыны әртүрлі. Гарвард университетінің зерттеуі бойынша, адам өзінің табиғи талантына сәйкес келетін салада жұмыс істегенде, өнімділігі үш есе артады. Сондықтан ең алдымен өзінді танып, қай іске бейім екенін анықтау қажет. Ол үшін кәсіби кеңесшілерден көмек алып, бейімділік тесттерін тапсыруға болады. Қазақстандағы Жастар ресурстық орталықтары мен карьера орталықтары мұндай тесттерді тегін жүргізеді.

Ескеретін қателіктердің бірі – «жұмыста үйреніп кетемін» деген иллюзия. Кейбір мамандықтар, мысалы дәрігер, сәулетші, заңгер мамандықтары күнделікті сегіз-он сағат бойы жоғары зейін мен берік бастапқы білімді қажет етеді. Алдымен оқуға түсіп алайын, кейін үйреніп кетемін деген көзқарас босқа жылдар жоғалтуға әкеліп соғады. Сонымен қатар еңбек нарығындағы сұранысты елемеу де үлкен қателік. Мысалы, ортағасырлық әдебиет зерттеушісі немесе сирек кездесетін тар саладағы мамандықтарды таңдау ұзақ уақыт жұмыссыз қалуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің жыл сайынғы ең сұранысқа ие елу мамандық пен ең сұранысы төмен елу мамандық тізімін зерделеп отырған жөн.

Бүгінгі түлек – ертеңгі маман. Сондықтан мамандық таңдау кезінде асығыстыққа жол бермеу керек. Мамандық таңдау – бір күнде шешілетін мәселе емес, оған кем дегенде бір жыл бұрын дайындалғаны абзал. Ұлы Абай: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» дегендей, әр адам қоғамдағы өз орнын табуы тиіс. Дұрыс таңдалған мамандық – табысты болашақтың кепілі. Ал саналы таңдау жасаған жас қана өз арманына жетіп, елінің дамуына үлес қоса алады.

**МӘУЛІТ Аружан,**

**Алматы қаласы Білім басқармасының  
Әуезов ауданы, «№13 мектеп-гимназиясының»**

**11 - сынып білім алушысы,  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор**

«Адам екі нәрседен қателеспеуі керек: бірі – жар таңдаудан, екіншісі – мамандық таңдаудан» деген нақыл сөз бекер айтылмаған. Расында да, мамандық таңдау – әр адамның болашағына әсер ететін маңызды шешімдердің бірі. Әсіресе, 11-сынып түлектері үшін бұл кезең үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені бүгінгі таңдау – ертеңгі өмір жолының бастауы.

Қазіргі таңда көптеген түлектер мамандық таңдауда түрлі қателіктерге жол беріп жатады. Статистикаға сүйенсек, Қазақстанда және көптеген елдерде жоғары оқу орнын бітіргендердің шамамен алпыс пайызы алғашқы үш жыл ішінде дипломы бойынша жұмыс істемейді. Бұл таңдау кезінде жіберілген қателіктердің тікелей салдары. Ең жиі кездесетін қателік – ата-ананың немесе достардың пікіріне ғана сүйену. Әрине, үлкендердің ақылы маңызды. Дегенмен, болашақта сол мамандық иесі болып еңбек ететін адамның өзі екенін ұмытпау қажет. Зерттеулер көрсеткендей, ата-ана жиі баланың қызығушылығына емес, өзінің орындалмаған арманына немесе сол мамандықтың өз кезіндегі беделіне қарап кеңес береді. Нәтижесінде ата-анасының таңдауымен мамандық таңдаған студенттердің қырық бес пайызы бірінші курстың өзінде оқуға ынтасын жоғалтып, кәсіби күйзеліске ұшырайды. Өз қызығушылығы мен қабілетін ескермей жасалған таңдау кейін өкінішке әкеліп, жылдар бойы сүймейтін жұмыс істеуге мәжбүр етеді.

Келесі бір қателік – мамандықтың беделі мен жалақысына ғана назар аудару. Кейбір жастар жоғары табыс табамын деген оймен өзіне мүлде жақын емес саланы таңдайды. Мысалы, гуманитарий бала физика-математика факультетіне немесе шығармашыл жас экономика саласына түседі. Алайда адам сүйікті ісімен айналысқанда ғана жетістікке жетіп, өз жұмысынан ләззат алады. Бір ғылыми зерттеу бойынша, адамдардың он үш пайызы ғана жоғары ақы төленетін жұмыста өзін бақытты санайды, ал қалған сексен жеті пайызы үшін жұмыстан алған қанағат, ұжымдағы ахуал және өзін-өзі жүзеге асыру маңыздырақ болып шыққан. Сонымен қатар бес жыл бұрын жоғары ақы төленетін мамандық бүгінде өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Ал өз ісіне шын берілген маман кез келген салада еңбек нарығынан жоғары бағаланады.

Сондай-ақ көптеген түлектер мамандық туралы толық ақпарат жинамайды. Оның міндеттері қандай, қандай дағды-



# АУЫЛ КӘСІПШІЛІГІНІҢ ҚАЛАМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ТАНЫМАЛДЫЛЫҒЫ НЕГЕ ТӨМЕН?

Қазіргі қоғамда кәсіпкерлік экономиканың маңызды қозғаушы күштерінің бірі болып саналады. Кәсіпкерлік адамдарға жаңа жұмыс орындарын ашуға, табыс табуға және қоғамның әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, кәсіпкерлік туралы сөз болғанда көпшіліктің ойына ең алдымен қаладағы бизнес түрлері келеді. Ірі сауда орталықтары, заманауи кеңселер, технологиялық стартаптар мен өндіріс орындары қоғамның назарын өзіне көбірек аударады. Ал ауылдық жерлердегі кәсіпшілік көбіне екінші қатарда қалып қояды.

Ауылдағы кәсіпшіліктің аз танылуының негізгі себептерінің бірі – ақпараттық кеңістіктің қалаға шоғырлануы. Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарының басым бөлігі ірі қалаларда орналасқан. Теледидар, газет, интернет платформалары мен әлеуметтік желілер көбіне қаладағы кәсіпкерлердің жетістіктерін жиі жариялайды. Ақпараттың жеткіліксіздігі ауыл кәсіпкерлерінің танымал болуына кедергі келтіреді. Егер олардың жұмысы мен жетістіктері кеңінен насихатталса, қоғамның бұл салаға деген көзқарасы да өзгерер еді. Қаладағы кәсіптің көбірек назар аударуының тағы бір себебі – инфрақұрылымның жақсы дамуы. Қалаларда жолдар, интернет желісі, көлік жүйесі, банктер мен логистикалық орталықтар жақсы жұмыс істейді. Бұл кәсіпкерлердің өз өнімдерін нарыққа шығаруы мен клиенттерге қызмет көрсетуін жеңілдетеді. Ал ауылдық жерлерде инфрақұрылым кейде жеткіліксіз деңгейде болады. Кейбір ауылдарда жоғары жылдамдықтағы интернеттің болмауы немесе жолдардың сапасыздығы кәсіптің дамуына әсер етеді. Нәтижесінде ауылдағы бизнес көлемі жағынан кіші болып қалады және қоғамның назарын аз тартады.

Дегенмен бұл ауыл кәсіпшілігінің әлеуеті төмен дегенді білдірмейді. Керісінше, қажетті жағдай жасалса, ауыл кәсіпкерлері де үлкен жетістіктерге жете алады. Ауылдарда тұрғындар саны аз әрі халық тығыздығы төмен. Сол себепті ауыл кәсіпкерлерінің клиенттік базасы шектеулі болады. Бұл олардың табысын арттыруды қиындатады. Қоғам мен инвесторлар көбіне үлкен пайда әкелетін жобаларға назар аударатындықтан, ауылдағы кәсіп түрлері назардан тыс қалып жатады. Бірақ ауыл кәсіпшілігінің ерекшелігі оның жергілікті қажеттіліктерді қамтамасыз етуінде жатыр. Ауыл шаруашылығы өнімдері, мал шаруашылығы, табиғи өнімдер өндіру сияқты салалар бүкіл ел үшін маңызды қызмет атқарады.

Ауыл кәсіпкерлері қаржыландыру мәселесіне жиі тап болады. Несие алу қиындығы, кепілдік мүлктің жетіспеуі немесе инвесторлардың қызығушылығының төмен болуы ауылдағы кәсіптің дамуын баяулатады. Инвестиция көлемі аз болғандықтан, ауыл кәсіптері кеңейіп, ірі жобаға айналуға қиындық көреді. Ал



қоғам көбіне ірі және табысты кәсіпорындарға назар аударатындықтан, ауыл кәсіпшілігі көлеңкеде қалып қояды.

Ауыл кәсіпшілігінің аз танылуына қоғамдық стереотиптер де әсер етеді. Кейбір адамдар ауылды тек ауыл шаруашылығымен байланыстырады және оны заманауи бизнес ортасы ретінде қабылдамайды. Шын мәнінде ауылда туризм, қайта өңдеу өндірісі, қолөнер, экологиялық өнімдер шығару сияқты көптеген кәсіп түрлерін дамытуға болады. Бірақ қоғамдағы ескі түсініктер ауыл кәсіпкерлерінің еңбегін толық бағалауға кедергі жасайды. Сондай-ақ ауыл кәсіпшілігі ұлттық дәстүрлер мен мәдени мұраны сақтауға ықпал етеді. Қолөнер бұйымдары, ұлттық тағамдар және жергілікті өндіріс түрлері халықтың мәдени ерекшелігін сақтауға көмектеседі. Ауыл кәсіпшілігінің беделін арттыру үшін бірнеше шараларды жүзеге асыру қажет. Біріншіден, ауыл инфрақұрылымын дамыту маңызды. Жақсы жолдар, сапалы интернет және заманауи байланыс жүйелері кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдетеді. Екіншіден, мемлекет тарапынан қаржылық қолдауды күшейту керек. Арнайы гранттар, жеңілдетілген несиелер және оқыту бағдарламалары ауыл кәсіпкерлерінің дамуына көмектеседі. Үшіншіден, ауыл кәсіпкерлерінің жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау қажет. Бұл жастардың қызығушылығын арттырып, ауыл бизнесіне деген сенімді күшейтеді.

Төртіншіден, цифрлық технологияларды енгізу маңызды. Интернет арқылы өнім сату, онлайн жарнама жасау және электронды төлем жүйелерін пайдалану ауыл кәсіпкерлерінің нарыққа шығуын жеңілдетеді.

**БЕЙІЛХАН Перизат,**  
«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Степной ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ - нің 11 «А» сынып оқушысы,  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі  
Шығармашылық жетекшісі:  
Серикбай Надя,  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі  
Редакциядан: автордың мақаласы 1 бет А4 формат лайықталып, қысқартылды.  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор





Қазіргі заманда телефонсыз өмірді елестету өте қиын. Таңертең ояңнан бастап, кешке ұйықтағанға дейін телефонды қолданамыз. Біреу әлеуметтік желі қарайды, біреу музыка тыңдайды, енді бірі сабақ оқиды немесе достарымен сөйлеседі. Телефон адамдардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Бірақ кейде «Телефонсыз өмір сүру мүмкін бе?» деген сұрақ туындайды.

Бұрын адамдар телефонсыз-ақ өмір сүрді. Олар бір-бірімен бетпе-бет сөйлесіп, уақытын кітап оқуға, табиғатта серуендеуге немесе отбасымен өткізуге тырысатын. Қазір бәрі өзгерді. Көп адам бос уақытын экран алдында өткізеді. Кейбіреулер тіпті бірнеше минут телефонсыз отыра алмайды. Бұл телефонға тәуелділіктің пайда болғанын көрсетеді.

Телефонның пайдалы жақтары өте көп. Ол арқылы біз ақпарат іздейміз, жаңалық көреміз, сабаққа дайындаламыз. Алыстағы адамдармен сөйлесуге де мүмкіндік береді. Әсіресе қазіргі жастар үшін телефон – оқу мен байланыс құралы. Кейде телефон адамның уақытын үнемдейді. Мысалы, онлайн төлем жасауға, карта көруге немесе қажетті мәліметті тез табуға болады.

Бірақ телефонның зияны да аз емес. Ұзақ уақыт экранға қарау көзге зиян келтіреді. Сонымен қатар адам аз қимылдап, денсаулығына көңіл бөлмей кетуі мүмкін. Әлеуметтік желіге көп уақыт жұмсаған адам шынайы өмірден алыстайды. Кей жастар өз уақытын дұрыс пайдалана алмай, сабаққа да көңіл бөлмей қалады. Кейде адамдар бір дастарханда отырса да, бір-бірімен сөйлеспей, тек телефонға қа-



рап отырады. Бұл қарым-қатынастың әлсіреуіне әсер етеді.

Телефонсыз өмір толықтай мүмкін емес сияқты көрінеді. Себебі қазіргі қоғам технологиямен тығыз байланысты. Мектепте де, жұмыста да телефон қажет болып жатады. Дегенмен телефонға тәуелді болмай өмір сүруге болады. Ол үшін адам өз уақытын дұрыс жоспарлауы керек. Кейде телефонды өшіріп, демалып, жақындармен сөйлескен пайдалы. Табиғатта серуендеу, кітап оқу немесе спортпен айналысу адамның көңіл-күйін жақсартады.

Менің ойымша, телефон — пайдалы құрал. Бірақ оны шектен тыс қолдану дұрыс емес. Егер адам телефонды тек керек кезде пайдаланып, шынайы өмірге де көңіл бөлсе, өмірі қызығырақ әрі пайдалырақ болады. Телефон адамды басқармауы керек, керісінше адам телефонды басқаруы тиіс.

Қорытындылай келе, телефонсыз өмір сүру қазіргі заманда қиын болғанымен, телефонға тәуелді болмай өмір сүру әбден мүмкін. Ең бастысы – тепе-теңдікті сақтау және уақытты дұрыс пайдалану.

**ДОСАЛИЕВА Несібелі,**  
**Қызылорда облысы,**  
**Жаңақорған ауданы,**  
**«№223 орта мектебінің»**  
**11 сынып оқушысы.**  
**Республикалық**  
**«Farabi shakirti» журналы**  
**мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)**  
**желілік басылым**  
**сайтының Жас тілшісі**  
**Сурет: ЖИ, жолдаған автор**

# Кітап оқудың маңызы және жастар арасындағы кітап мәдениеті

Қазіргі заманда технология қарқынды дамуда. Кез келген ақпаратты жылдам әрі оңай ала алатын деңгейге жеттік. Алайда қолжетімділік артқан сайын кітап оқудың маңызы төмендеп жатқандай көрінеді.

Кітап – адамның ғасырлар бойы жинаған байлығы. Ол тек білім көзі ғана емес, адамның ойының қалыптасуына тікелей әсер ететін өте маңызды құрал. Менің ойымша, кітап оқу – адамның өзімен-өзі тілдесетін ең тыныш әрі ең пайдалы уақыттарының бірі.

Кітап оқу адамның ойлау қабілетін арттырып, сөздік қорын байытады. Кітап оқыған адам өз ойын нақты жеткізе алады, сауатты сөйлеуді үйренеді. Сонымен қатар, кітап адамды сабырлыққа, төзімділікке, өз ойын еркін жеткізуге және түсіністікке тәрбиелейді. Менің ойымша, бұл қасиеттер әсіресе жасөспірімдер мен жастар үшін өте қажет.

Кітап арқылы адам өз қателігін түсініп, өзгелердің өмірінен сабақ алады. Кітап оқу – тек білім жинау емес, тұлға ретінде қалыптасудың маңызды бір бөлігі.

Қазіргі жастар туралы айта өтсем, кітап оқу бұрынғыдай басты орында емес екені ауыр шындық. Көбіміз керек ақпаратты кітаптан іздемей, әлеуметтік желіден алуға дайын тұрамыз. Бірақ ондай ақпарат адамды терең ойландырмайды, дайын мәліметті қабылдауға бейімдейді. Ал кітап оқыған адам асықпай ой қорытып, өз білімімен жазады. Менің ойымша, кітаптың ең үлкен пайдасы – осы.

Сонымен қатар, кітап оқу жастарды өзін-өзі дамытуға үйретеді. Кітап оқып үйренген жастар өз уақытын тиімді пайдаланады. Кітапты көп оқыған сайын оған деген қызығушылығы да арта түседі.

Дегенмен, жастар арасында мүлде қызығушылық жоқ деп айту дұрыс емес. Қазір де кітап оқитын, пікір алмасатын, өзінің



сүйікті авторларын талқылайтын жастар аз емес. Кітапты тек міндет ретінде ғана емес, қажеттілік ретінде қабылдау керек. Сонымен қатар, кітап оқу жастарды жауапкершілікке және өзін-өзі дамытуға жетелейді.

Кітаптың адам өміріндегі орны ешқашан төмендеген емес. Ойымды қорытындылай келе, кітап – адамның ішкі дүниесін байытатын, ойлау қабілетін тереңдететін аса маңызды құрал. Жастар кітапты көп оқыса, өз ойын еркін жеткізе алатын, өмірге саналы көзқараспен қарайтын тұлға болып қалыптасары сөзсіз.



НҰРДІЛДА Зарина Ғабитқызы,  
Астана қаласы әкімдігінің  
«№99 жалпы орта мектебінің»  
11 – сынып оқушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі

Суретті жолдаған автор



## Көзге көрінбес жетімдік

Біз жетімдік десе, балалар үйін, ата-анасынан айырылған бүлдіршіндерді көз алдымызға келтіреміз. Бұл – көзбен көріп, қолмен ұстайтын қасірет. Ал мен бүгін басқа бір індет жайлы айтқым келеді. Оның аты – эмоционалдық жетімдік. Ата-анасы бар, үйі бар, тамағы тоқ, бірақ жан жылуын көрмей өскен балалардың трагедиясы.

### БІЗ БҰЛ ҚҰБЫЛЫСТЫ ЖЫЛДАР БОЙЫ БАҚЫЛАП КЕЛЕМІН

Эмоционалдық жетімдік дегеніміз баланың ата-анасымен бір үйде тұрса да, жан дүниесінің мүлде жалғыз қалуы. Оған ешкім ұрспайды, ұрмайды, бірақ ешкім шынайы сөйлеспейді де. Оның не армандайтынын, неден қорқатынын ешкім сұрамайды. Сұраса да, соңына дейін тыңдауға уақыт жетпейді. Өйткені ата-ана жұмыста, шаршаған, өз өмірінің ауыртпалығымен әлек.

Біздің қоғам баланы киіндіруді, тамақтандыруды, оқытуды ата-аналық міндеттің толық орындалуы деп санайды. Бұл – үлкен қате. Нағыз ата-аналық – баланың ішкі әлеміне ену, сезімдерін тыңдау, қиналғанда қасынан табылу. Бұл уақытты, шыдамдылықты, эмоционалдық ресурсты талап етеді. Дәл осы ресурс қазіргі ата-анада тапшы. Себебі олардың өздері де осылай өскен. Оларға да бала кезде ешкім «сенің не сезінетінің маңызды» деген. Жара ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді.

Ең үлкен қайшылық – қазақ отбасы дәстүрлі түрде ең қасиетті институт саналады. Бірақ дәл осы қасиетті ұғымдардың көлеңкесінде жан байланысының жоқтығын айту қиын. «Мені ешкім түсінбейді» деу – ата-ананың қасиетіне күмән келтірумен тең көрінеді. Сөйтіп, бала үндемей қалады. Үндемей өседі. Ішінде бір қуыс алып жүріп, ержетеді.

Ержеткен соң не болады? Ол өз эмоцияларын танымайтын, басқалармен терең байланыс құрудан қашатын тұлғаға айналады. Махаббатты іздейді, бірақ оны қабылдауды білмейді. Жақындықты қалайды, бірақ одан қорқады. Өмір бойы неге соншалықты жалғыз екенін түсінбей өтеді. Сосын оның баласы дүниеге келеді – цикл қайта басталады.



Бұл – ұлттық ауқымдағы баяу дағдарыс. Эмоционалды саулығы жоқ адамдар қоғамды сау ете алмайды. Ішкі қуысын сыртқы мақұлдаумен толтыруға тырысқан ұрпақ тәуелділіктерге, агрессияға, тұтынушылыққа бейім келеді. Билікке, атаққа, байлыққа ұмтылады, бірақ бәріне жетсе де, ішіндегі бос қуыс толмай қалады. Өйткені оны тек бала кездегі ата-ананың жылы құшағы, шынайы назары, «мен сені түсінемін» деген сөзі толтыра алатын еді.

Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен оны мойындау керек. Ата-ана болу – биологиялық функция емес, күнделікті саналы еңбек. Балаға көйлек әпергеннен гөрі, оның көңіліне көйлек болу әлдеқайда қиын әрі маңызды. Өке баласына «жылама» демей, «жыла, мен қасындамын» дейтін заман келуі тиіс. Ана қызына «сенің сезімдерің маңызды» дейтін уақыт жетті.

Біз жол саламыз, үй саламыз, зауыт ашамыз. Бірақ егер соларды салып жатқан жандардың іші бос болса, біз ешқашан бақытты қоғам бола алмаймыз. Ұлттың ұлылығы ғимараттарында емес, азаматтарының жүрегінде. Ал жүректеріміз қазір үнсіз жылап тұр. Осыны есту үшін әуелі өз үнсіздігімізді бұзуымыз керек.

Мен осы үнсіздікті бұзғым келеді. Бәлкім, осы мәтін бір ата-ананы ойландырар. Бір жасөспірім өз жалғыздығында кінәлі емес екенін түсінер. Бір отбасында бүгін кешке алғаш рет «сен не сезініп жүрсің?» деген сұрақ қойылар. Егер солай болса, бұл сөздер бекер жазылмағаны.

**АМАНОВА Қазына,**  
Шымкент қаласы,  
«132 ЖОББМ» 11 сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti»  
журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік  
басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор

## ПОДКАСТ-ЖАҢА БУЫННЫҢ РАДИОСЫ

ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ

ШЫНАЙЫЛЫҚ ПЕН ТӘЖІРИБЕ  
ОЙ ОЯТАТЫН АЛАҢ  
РУХАНИ АЗЫҚ



Әлеуметтік желі дәуірінде уақытты тиімді өткізудің өзі үлкен мәселеге айналды. Әсіресе, жастардың күнінің жартысы Тикток пен Инстаграмдағы қысқа видеоларды көрумен-ақ өтуде. Дегенмен қазіргі күні жас буынға пайдалы бейнелер де аз емес. Жастардың өмірге деген көзқарасының өзгеріп, тұлғалық дамуына ерекше септігін тигізіп жүрген жазбалар – «подкаст» деп аталады.

Подкаст дегеніміз – аудио немесе видео форматындағы жазба, қандай да бір тақырыпқа арналған радиобағдарлама іспеттес.

Еліміздегі подкаст таралымдары соңғы үш жылда қарқынды дамыды. Осыған дейін әлеуметтік желі пайдаланушылары көп қаралым жинау үшін түсірілген арзан бейнелердің авторларының фанатына айналды. Ал бүгінде олар тұлғалық дамуды алға тартқан ақыл-кеңестерді тыңдап, өз өмірлерінің жанкүйері болды. Әр подкаст-біз мән бермейтін тақырыптардың тереңіне үңілдіреді. YOUTUBE қосымшасының подкасттар бөлімінен қазақ тіліндегі подкасттарды көру қуантарлық жайт. Қазақ тілді контенттің дамуының жаңа деңгейінің анық айғағы да подкасттар.

Қазіргі кезде Мақсұт Нәрікби, Абдрашид Түлкібай, Азамат Скаков, Жанерке Сейфулина, Еркін Сұлтан секілді пайдалы подкаст жүргізушілері бар. Подкаст авторларынан бөлек DOPE SOZ, KITAPAL, NARIKBI LIVE, AITARYM BAR сияқты танымдық бағдарламалар да бар. Әр подкастқа қозғалған тақырып-өмірімізді 1 пайызға болсын жақсы жаққа өзгертеді. Өйткені подкаст тыңдау жаңа ұғымды түсініп қана қоймай, рухани және жан-жақты азық жинауға таптырмас құрал. Жастардың көбінің подкаст тыңдауы олар сол жазбадан моральдік проблемасының шешімін табады немесе ой түйетіндей ақпарат алады. Бүгінгі жаңа буын иллюзияны емес, шынайылықты жақсы көреді. Подкасттардың қаралымының артуы да шынайы спикерлер мен жүректен шыққан ойлардың бір арнаға тоғысуы. Подкаст тыңдау кішкене уақыт кітап оқығандай әсер қалдырады. Тіпті, оқыған кітабыңызды талқылайтын орта таппасаңыз, кітап талдау подкасттарын көрсек болады. Пайдалы подкасттардың қонақтары да мол тәжірибелі, білімді, ізденімпаз тұлғалар. Олардың өз тәжірибесімен бөлісуі, ақыл кеңестерін айтуы өмірімізді инсайтқа толтырады. Мотивациямызды үдетіп, тұрақтылық қалыптастырып кемелденуімізге жол ашады.

«Даналық - тыңдай білуден басталады», - демекші подкаст тыңдау тұлғалық өсуімізге және ойымызды анық жеткізуге өз септігін тигізеді. Подкаст тыңдау мүлдем қиын дүние емес, әлуметтік желідегі бос скролингке кетітін уақытты пайдалы дүние айырбастасақ

болғаны. Ойды бірден түіп аламын десек үй шаруасын істеп жүріп ақ тыңдауға болады, тереңіне үңілемін десек қойын дәптеріміз бен қаламсабымызды дайындаймыз.

Подкаст-пікір айтатын емес, ой оятағын алаң. Осы алаңда ойлы адам болып бой түзейік!

## Қоғам пікіріне тәуелді болу әлсіздік пе?

Өміріміздің әр күніндегі әрекетіміз айналамыздағы адамдардың талқысына түсері анық.

Қоғам – бізді қоршаған орта. Бес саусақ әртүрлі болса, әр адамның ойы да әр қилы болмақ. Біреу мақтаса да, даттаса да өзгенің ығына жығылмау керек. Қоғам пікіріне тәуелділік үрейді өршітіп, әлсіздікке жол ашады.

Қоғам – Жер шаршындағы 8 миллиард адамның ойына тәуелді болсақ, өмірімізді басқару мүмкін емес. Өмірде



өзіне сенген адам ғана күшті тұлға болары сөзсіз. Мысалға, мен өзгенің пікіріне тәуелді болып, болашақта жүзеге асыратын мақсаттарымнан бас тартамын. Мен үшін қорқақ қояндай ығып, қоғамның пікірінің бәрін елеп, өмірдің мәнін жоғалту – тұлғалық болмыстан айырылумен тең. Өмір жолынан тайған адам – нағыз әлсіз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен өзінді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап», - деп дана Абай айтқандай өзгенің пікіріне құл болмай, өзімізге сену қажет.

Қоғамның пікіріне әрдайым құлақ тұру біздің жетістікке барар жолымызға тосқауыл қоятынын ұмытпайық!



**САҒАДАТОВА Айым Әбілқызы,**  
Ақтөбе облысы, Алға қаласы,  
«Алға мектеп-гимназиясы»

11-сынып оқушысы.

Республикалық «Farabi shakirti»

журналы

мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)

желілік басылым

сайтының Жас тілшісі

Суреттер: ЖИ, жодаған автор

## Арман мен шындық: мамандық таңдаудағы қиындықтар



Әр адамның өмірінде ерекше маңызды шешімдердің бірі – мамандық таңдау. Себебі мамандық – тек табыс көзі емес, адамның болашағы мен өмір жолын айқындайтын үлкен қадам. Бала кезден әркім әртүрлі арман етеді: бірі дәрігер болғысы келеді, бірі ұстаз, енді бірі әнші не ғалым болуды қалайды. Алайда уақыт өте келе арман мен шындықтың арасы алшақтап, көптеген жастар мамандық таңдауда қиындыққа тап болады.

Бүгінгі таңда жастардың көпшілігі мамандықты өз қызығушылығына емес, қоғамдағы сұранысқа немесе жоғары жалақыға қарап тандайды. Бұл – ең үлкен қателіктің бірі. Себебі адам сүймеген ісінде табысқа жете алмайды. «Жаны қаламаған іске қол бармайды» деген сөз бекер айтылмаған. Егер адам мамандығын жүрек қалауымен тандаса, ол жұмысты міндет емес, өмірінің бір бөлігі ретінде қабылдайды.

Мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы да үлкен рөл атқарады. Кей жағдайда ата-ана өз орындалмаған армандарын баласы арқылы жүзеге асырғысы келеді. Мысалы, баланың суретші болғысы келсе де, оны заңгер немесе дәрігер болуға мәжбүрлейді. Мұндай жағдайда жасөспірімнің ішкі қалауы мен сыртқы талаптың арасында қайшылық пайда болады. Соның салдарынан адам өз кәсібінен ләззат алмай, өмір бойы сүймеген іспен айналысуы мүмкін.

Тағы бір қиындық – мамандықтар туралы толық ақпараттың болмауы. Кей жастар белгілі бір саланың тек сыртқы көрінісіне қызығады. Бірақ оның жауапкершілігі мен қиындығын ескере бермейді. Мысалы, дәрігер болуды ақ

халатпен ғана байланыстыратындар көп. Алайда дәрігердің мойнында адам өмірі тұрғанын бәрі бірдей түсіне бермейді. Сондықтан мамандық таңдауда тек қиялға емес, шынайы мүмкіндіктер мен қабілетке сүйену қажет.

Қазіргі заман – бәсекенің заманы. Технология дамыған сайын жаңа мамандықтар пайда болып, кейбір кәсіптер сұраныстан шығып жатыр. Осы себепті жастар болашақты да ескеруі тиіс. Бірақ ең бастысы – адам өз қабілетін дұрыс танып, үздіксіз ізденуден қорықпауы керек. «Еңбек түбі – береке» деген мақал табысқа жетудің басты кілті еңбек екенін дәлелдейді.

Мамандық таңдау – бір күнде шешілетін мәселе емес. Ол – ойлануды, ізденуді және жауапкершілікті талап ететін маңызды шешім. Арман адамға қанат бітірсе, шындық оны шыңдайды. Сондықтан адам арманынан бас тартпай, соған жетудің жолын таба білуі керек. Өйткені сүйікті мамандық – бақытты өмірдің бастауы.

Қорытындылай келе, мамандық таңдау – адам тағдырын айқындайтын үлкен белес. Бұл жолда қателеспей үшін әр жас өз жүрегінің үнін тыңдап, қабілеті мен мүмкіндігін дұрыс бағалауы қажет. Сонда ғана арман мен шындық бір арнада тоғысып, адам өз өмірінен шынайы бақыт табады.



Жанерке ҚАЛАС,  
Қызылорда облысы,  
Қазалы ауданы,  
Шәкен ауылы,  
«№134-орта мектебінің»  
11-сынып оқушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Дереккөздер: [azattyq.org](http://azattyq.org)  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор



Жұмахан Динара, Досым Ұлдана

## КЕЛЕСІ АЯЛДАМА – «БОЛАШАҚ»

Міне, біздің 11 жылдық мектеп өмірі атты үлкен әрі қызықты алаңсыз оқушылық өмірдің хикаяларының соңғы бөлімі өз мәресіне жетті.

Бүгін соғылған соңғы қоңырау - біз үшін балалық шақпен қоштасудың және жаңа өмір сценарийінің басталуы.

Бұл хикаяда бәрі болды: алғашқы әріпті үйренген сәт, үзілістегі шынайы күлкі, бақылау жұмысы алдындағы уайым және өмірлік достар. Біз жай ғана сыныптас емес, бір-бірімізді сөзсіз түсінетін үлкен отбасыға айналдық. Осы уақыт ішінде бізге бағыт-бағдар беріп, басты рөлдегі кейіпкерлерді тәрбиелеген режиссерлеріміз - аяулы ұстаздар мен ата-анамызға алғысымыз шексіз. Сабақ айтқан сәттер, мектеп дәлізіндегі қызықтар енді тек жылы естелік болып қалады.

Енді бізді алда жаңа белестер, жаңа армандар мен үлкен мүмкіндіктер күтіп тұр. Әрқайсымыз әртүрлі жолды тандасақ та, жүрегімізде мектепке деген сағыныш пен осы алтын ұядан алған тәрбиені мәңгі сақтаймыз.

Келесі аялдама – «БОЛАШАҚ».

Ал сол болашаққа біз бүгін үлкен үмітпен, биік арманмен және бала күннен бірге өскен жандардың ыстық естелігімен аттанып барамыз.

## МЕНИҢ БӨЛМЕМДЕГІ РЕДАКЦИЯ...

Мен кез келген ұсақ-түйекке дейін ерекше мән беріп, айналамдағы заттардың бәрін барынша

әдемілеп, құбылтып жүруді ұнатамын. Бұл әдетім, әсіресе, өз бөлmemді безендіруде қатты байқалады. Жеке кеңістігімді жай ғана қалдырмай, оны үнемі әртүрлі шығармашылық ізденістермен және қызықты дүниелермен толтырып отырамын. Соның ең басты көрінісі - қабырғамдағы осы суреттер мен мақалалар жиынтығы.

Болашақта журналистика саласын таңдап отырмын, сондықтан бұл бұрышты арнайы мақсатпен, өз кәсіби талғамыма сай етіп жасадым. Қабырғамдағы әрбір материал мен үшін өте маңызды, олар қоғамның тынысын және шынайы ақпарат ағынын көрсетеді. Осы орын арқылы болашақ мамандығымның алғашқы қадамдарын қазірден бастап сезініп жүргендеймін.


Күнделікті осы жинақталған дүниелерге қараған сайын бойыма ерекше күш-қуат жинап, шығармашылық шабыт аламын. Бұл қабырға бөлmemнің сәнін келтіріп қана қоймай, мені алға жетелейтін, мамандығым деген құштарлығымды оятатын нағыз шағын жұмыс орталығына айналды. Бұл кеңістікті өз бөлmemдегі шағын редакция деп айтсам да болады.

ДОСЫМ Ұлдана,

Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы,  
Көкарық ауылы, «Жамбыл атындағы орта мектептің» 11-сынып оқушысы.

Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі

Жетекшісі: Молдабакова Дана Жандарқызы,  
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі





## TIKTOK ПЕН INSTAGRAM – ЖАСТАРДЫҢ КӨП УАҚЫТЫ ОСЫНДА ӨТУДЕ

Пайдасы да бар, алайда қажетсіз дүниелерге уақыт жұмсалуда. Ойланайық...

Қазіргі уақытта TikTok пен Instagram жастар арасында ең көп қолданылатын әлеуметтік желілердің қатарына жатады. Көптеген жас бос уақытын осы әлеуметтік желілерде өткізеді. Бұл платформалар арқылы адамдар ақпарат алып, көңіл көтеріп, жаңа трендтермен танысады. Алайда олардың жастарға тигізетін әсері тек пайдалы жағымен шектелмейді.

Ең алдымен, әлеуметтік желілер жастардың уақытын көп алады. Қысқа видеолар мен түрлі контент адамның назарын тез аударып, уақыттың қалай өткенін байқатпайды. Соның салдарынан сабақ оқу, кітап оқу немесе пайдалы істерге бөлінетін уақыт азаяды. Кейбір жасөспірімдер түнге дейін телефон қарап, ұйқы режимін бұзады. Бұл денсаулық пен оқу үлгеріміне кері әсер етеді.

Сонымен қатар Instagram мен TikTok жастардың психологиясына да әсер етеді. Әлеуметтік желіде бәрі әдемі әрі мінсіз өмір көрсеткісі келеді. Мұны көрген кейбір жастар өз өмірін басқалармен салыстырып, өзіне деген сенімін жоғалтуы мүмкін. Кейде танымал болуға ұмтылу да адамға артық қысым тудырады.

Дегенмен бұл желілердің пайдалы жақтары да бар. TikTok пен Instagram арқылы адамдар жаңа білім алып, пайдалы кеңестер үйрене алады. Қазіргі таңда онда тіл үйрететін, мотивация беретін, білімге бағытталған парақшалар өте көп. Кейбір жастар тіпті осы платформалар арқылы шығармашылығын дамытып, табыс тауып жүр.

Қорытындылай келе, TikTok пен Instagram жастарға әрі пайдалы, әрі зиянды әсер етеді. Барлығы оны қалай қолдануға байланысты. Егер әлеуметтік желіні шектен тыс пайдаланса, ол уақытты бос өткізуге әкеледі. Ал дұрыс қолдана білсе, ол білім мен дамуға мүмкіндік береді.

Сондықтан жастар әлеуметтік желіні белгілі бір уақытпен ғана пайдалануды үйренуі керек. Күнделікті экран алдында өткізетін уақытқа шектеу қою, пайдалы контентке жазылу және бос уақыттың бір бөлігін спортқа, кітап оқуға немесе жақындармен қарым-қатынасқа арнау өте маңызды. Сонымен қатар әлеуметтік желідегі ақпараттың барлығы шынайы бола бермейтінін түсіну қажет. Әр адам өз өмірін өзгемен салыстырмай, әлеуметтік желіні өзін дамыту құралы ретінде қолданса, оның пайдасы әлдеқайда көп болады.

**Хақимжан Роза –Нұрайдың құрбысы (оң жақта)  
ҚАНАТҚЫЗЫ Нұрайым,  
«№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты  
жалпы білім беретін мектептің» 11 – сынып оқушысы,  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Түркістан облысы, Келес ауданы, Бозай ауылы  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор**



# ЖАС БЛОГЕРЛЕРДІҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

Қазіргі таңда адамдар ақпаратты әлеуметтік желіден алады. Бұрынғыша теледидардан қарап, жаңалық уақытын бағып отыратындар саны кеміп келеді. Instagram, Tik Tok, Threads, Youtube қосымшалары күнделікті ақпарат көзіне айналады. Оқырман үшін тиімді, яғни мәлімет жылдам әрі қарапайым тілде болғандықтан адамдардың да қабылдауын жеңілдетеді. Қолданбалардағы ақпарат берушілер-блогерлер. Блогерлік ресми мамандық болып танылмағанымен бұл бағытқа қызығушылық танытушылар көп. Олар күнделікті ақпарат таратып, өмір-салтын көрсетіп, түрлі бейнероликтер жариялау арқылы аудитория жинайды. Мұндай тұлғаларды блогерлер деп атаймыз. Бүгінде олар әр күндерін көрерменге арнаған контент жасаушылар ғана емес, қоғамға да әсер етуші күшке айналды.

Шынында экранның бер жағында отырған халық оларды сенімді ақпарат көзі ретінде қабылдап, сүйсіне қарап, қызығушылықпен тыңдайды. Әйтсе де саны көп болғанымен ішінде сапасы төмен, жаңадан жолын бастаған жас блогерлер де кездеседі. Бірқатары көпке үлгі болып, жаңашылдығымен, жаңа ақпаратпен елді сүйсіндірсе, енді бірі қызық қуып, кез-келген мәнсіз дүниелерді жүктейді. Ендігі алаңдатарлық дүние: жаңа буын блогерлерінің ықпалы қоғамды дамыта ма, әлде кері тарта ма?

Әлеуметтік желілер арқылы түрлі жаңалықтар мен пікірлер жылдам таралып, кең аудиторияға жетеді. Көп жағдайда көрермендер әлеуметтік желі белсенділеріне сенім білдіріп, олардың айтқанын деректер көзі ретінде қабылдайды. Бұл ақпараттың қолжетімділігі мен жылдамдығын арттырса, екінші жағынан оның шынайылығы әрдайым тексеріле бермейді. Соның салдарынан кейбір мәліметтер бұрмаланып немесе толық жеткізілмей, аудиторияда қате пікір қалыптастыруы мүмкін. Жас блогерлерге еліктеушілер саны көп. Блогер аудиториясындағы жастар да ересектер де олардан көргенін жасайды. Ол киім кию стилінен бастап, қимылдарын әдетке айналдыру, сөйлеу мәнері, қолданылатын заттарға дейін көрініс табады. Желі жұлдыздары ұсынатын өнімдер мен өмір салты көрерменді қызықтырып, жаңа мүмкіндіктер мен таңдауларға жол ашады. Олардың әр қадамы тренд болып, қоғам оны қайталайды. Мысалы, танымал блогерлердің «челлендж» видеоларынан кейін жастар

арасында сол қимылдарды қайталау жиі кездеседі. Олардың көпшілігі қоғамға пайдалы мақсатта ұйымдастырылады. Экологияны қорғап, тазартуға бағытталған болуы мүмкін. Қандай да бір мұқтаж жандарға көмек ретінде болуы да мүмкін. Бір жағынан бұл креативтілік пен жаңашылдықтың дамуына үлес қосса, бір жағынан жеке ерекшеліктерінің жойылуына әкелуі мүмкін. Кей жағдайда әлеуметтік желідегі бейне мен шынайы өмір арасындағы шекара көмескіленіп, қоғам санасында қате түсініктердің қалыптасуына себеп болуы мүмкін.

Желі белсенділерінің ықпалы тек сыртқы мінез-құлықпен шектелмей, жастардың құндылықтарына да әсер етеді. Әлеуметтік желілерде жиі көрсетілетін өмір салты арқылы белгілі бір жетістік тұғырынан көрінуге де болады. Мысалы, танымалдық, қаржылық табыс немесе сәнді өмір бейнесі алдыңғы қатарға шығуы мүмкін. Бұл бір жағынан жас буынды мақсат қоюға, өз-өзін дамытуға ынталандырса, екінші жағынан шынайы мүмкіндіктер мен идеалдандырылған өмір арасындағы айырмашылықты ескермеуге әкелуі ықтимал. Нәтижесінде, кейбір азамат өз өмірін әлеуметтік желідегі бейнелермен салыстырып, қате түсініктер қалыптастыруы мүмкін.

Қорытындылай келе, жас блогерлердің қоғамға ықпалы айқын әрі көпқырлы. Олар ақпарат таратып, жаңа үрдістер қалыптастыру арқылы қоғамның ойы мен әрекетіне әсер етеді. Сондықтан блогерлер тек контент жасаушы ғана емес, белгілі бір деңгейде қоғамдық пікір қалыптастырушы тұлғаға айналып отыр. Осыған байланысты олардың жауапкершілігі де арта түседі. Ал аудитория ақпаратты қабылдауда сын тұрғысынан қарап, саналы таңдау жасай білуі қажет.

**АСЫЛБЕК Жаннұр,**  
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,  
Қандыағаш қаласының «№3 мектеп-гимназиясының»  
11 «Б» сынып оқушысы.  
Республикалық «Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Сурет: Жасанды Интеллект көмегімен жасалған,  
жолдаған автор





Таяқтың екі ұшы бар сияқты, әлеуметтік желінің де пайдасы да, зияны да ұшан-теңіз.

Қазіргі заманда әлеуметтік желіні қолданбайтын адам жоқтың қасы. Қазір еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін телефонды қолданып, әлеуметтік желілерде біраз уақытын өткізеді. Технология дамыған сайын адамдардың телефонға деген тәуелділігі де артып келеді.

Қазіргі таңда ата-аналардың көбі жұмыстан қолы босамағандықтан, баланы тыныштандыру үшін қолына телефон ұстатып қояды. Басында бұл жай ғана ермек болып көрінгенімен, уақыт өте келе бала телефонсыз отыра алмайтын жағдайға жетеді. Осылайша әлеуметтік желіге деген тәуелділік қалыптаса бастайды. Әлеуметтік желі алғашында адамға қызық әрі пайдалы болып көрінеді. Онда түрлі ақпарат алып, жаңа дүниелер үйренуге болады. Алайда шектен тыс қолдану адамның өміріне кері әсерін тигізеді. Әсіресе жасөспірімдер бос уақытының көбін TikTok, Instagram сияқты желілерде өткізеді. Соның салдарынан сабаққа деген қызығушылық азайып, уақыт босқа кетеді. Кейбір адамдар әлеуметтік желідегі мінсіз өмірлерді көріп, өзін өзгелермен салыстырып, көңіл күйі түсіп кетеді.

Қазіргі кезде көп жастар тайм-менеджментті дұрыс сақтамайды. Бірнеше минутқа ғана телефон қараймын деп, бірнеше сағатын байқамай



өткізіп алады. Уақытты дұрыс жоспарламаудың салдарынан адамның күн тәртібі бұзылып, маңызды істер кейінге қала береді. Сондықтан әр адам өз уақытын тиімді пайдалануды үйренуі керек.

Меніңше, жасөспірімдердің әлеуметтік желіге тәуелділігін азайту үшін оларды түрлі үйірмелерге, спортқа немесе шығармашылық бағыттарға беру керек. Себебі адамның бос уақыты аз болған сайын, ол уақытын телефонға емес, өз дамуына жұмсайды. Спортпен айналысқан адам денсаулығын жақсартып қана қоймай, жаңа орта табады, ал түрлі үйірмелер баланың қабілетін дамытуға көмектеседі. Осылайша жасөспірім уақытын пайдалы өткізіп, әлеуметтік желіге деген тәуелділігі де біртіндеп азаяды.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желі — қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі. Оны орнымен қолданса пайдасы көп, ал шектен тыс қолданса зияны орасан. Сондықтан әр адам әлеуметтік желіні саналы түрде пайдаланып, уақытын бағалай білуі қажет.

**Киньязова Инаят,**  
Алматы облысы, Қарасай ауданы,  
Үшқоңыр ауылы,  
«Мұхтар Әуезов» атындағы мектебінің 11-сынып оқушысы.

Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор

# ҰЙҚЫ ҚАНБАУДЫҢ ТОП 4 САЛДАРЫ

1). Зат алмасудың дисбалансы. Ұзақ уақыт бойы ұйқы қанбау – адам ағзасындағы тәбетті реттейтін гормондардың тепе-теңдігін бұзады. Бұндай құбылыс нәтижесінде түнде лептин гормоны (тоқтық гормоны) төмендеп, грелин гормоны (аштық гормоны) көтеріледі. Осындай салдардан, ұйқысы қанбаған адамның түнде тамақ ішуге тәбеті күндізгіден жоғарырақ болады.

2). Адамның когнитивті қабілеті төмендеп, есте сақтау қабілеті нашар бола бастайды. Ұйқы ми үшін маңызды процесс. Түнде ми токсиндерден тазаланып, күндіз қабылдаған ақпаратты өңдеп, оны қысқа жадысынан ұзақ мерзімді жадысына тасымалдайды. Ал дәл осы өңдеу процесі – когнитивті қабілет деп аталады. Егер ұйқы қанбаса, мидағы нейрондар байланысы әлсіреп, адамның ойлау мен өзін-өзі басқару қабілеті, зейіні, есте сақтау қабілеті төмендейді.

3). Күнделікті түрде ұйқының қанбауы өмір ұзақтығын қысқартады. Бұл дәлелденген факт. Тұрақты түрде 6 сағаттан аз ұйықтайтын адамдардың кез-келген себептен өлу қаупі 7-8 сағат ұйықтайтындардан қарағанда пайызға жоғарырақ. Одан бөлек, ұйқы қанбау тамырлардың қатаюына (атеросклероз) әкеліп, жүрек талмасы қаупін жоғарылатады. Яғни, ұйқы қанбауы өмірді қысқартатын аурулардың дамуын тездетеді.

4). Мидың улануы. Жоғарыда айтылып кеткендей, ұйқы кезінде ми өзін токсиндерден, альцгеймер ауруын тудыратын бета-амилоид ақуыздарынан тазалайды. Бұндай құбылыс «глимфатикалық жүйе» деп

аталады. Ол тек терең ұйқы кезінде іске қосылады. Бірақ, ұйқы қанбаған жағдайда ол токсиндер ешқайда жоғалмайды. Қайта мида жиналып, жүйке жасушаларын уақытынан бұрын жойып бастайды.

Осы орайда, әр адамға жасына сай ұйқы нормаларын айта кетейік:

- Әйелдер үшін: 7-9 сағат
- Еркектер үшін: 6-8 сағат
- Жасөспірімдер үшін (14-17 жас) : 8-10 сағат
- Қарт адамдар үшін (65-тен жоғары) : 7-8 сағат

Алайда, ұйқы нормасы әр адам үшін әртүрлі. Жоғарыда көрсетілген ол тек стандарттық норма.

Сондықтан, әр адам оған ұйқысын қандыру үшін қанша сағат жеткілікті екенін өзі шешеді.

Көпсозбай, бірсөзбен қайырсақ, ұйқы салғырттықпен қарайтын дүние емес, ол біздің өміріміздің ең маңызды бөлігі. Сол үшін, күнделікті түрде ұйқымызды қандырып жүрейік! Бұндай жауапкершілік өзіміздің өзімізге жасап жүрген ең үлкен жақсылығымыз болсын!



**НҮСУПҚАН Тоғжан,**  
Алматы облысы,  
Талғар ауданы,  
«№14 мектептің»  
11 – сынып оқушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі  
\*Мәліметтер ашық  
дереккөзінен алынды.



# МЕНИҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМ

Балалық шақ - адам өміріндегі ең жарқын, ең таза кезең. Өрбіріміздің жүрегімізде мәңгіге сақталып қалатын сол сәттерді еске алғанда, жанымыз жадырап, күлкіге толы шақтарға ораламыз. Менің балалық шағымда өз ерекшелігімен, қуанышы мен қиялға толы мезеттерімен есте қалды. Бүгінгі жазбамда сол кезеңнің кейбір қызықты сәттері мен өміріме тигізген әсерін баяндағым келеді. Менің балалық шағымның көп бөлңгі ауылда өтті. Таңның атысы мен кештің батысы шексіз еңбекке толы болса да, бұл жердің табиғаты, адамдардың кеңпейілділігі, балалардың ойындары ерекше еді. Ауылымызда тау мен жазық араласып, табиғаттың ғажайып көрінісін ұсынатын. Таңертеңгі салқын ауада құстардың шикылы, сиырдың мөңіреуі мен ауыл балаларының күміс күлкісі табиғаттың өзіндік музыкасы секілді естілетін. Біз сол әуенге толы әлемде еркін өстік.

Ауыл балалары ойынға аса құмар болатын. Қыстың аязында шана теуіп, қардан бекініс тұрғызсақ, жазда көк майсалы алаңда асық атып, қыз қуу мен алтыбақан ойнадық. Асық ату-балалық шағымыздың сүйікті ойыны. Әр баланың асығының сапасы мен саны өз мақтанышы еді. «Жүйрік ат, ұшқыр ой» дегендей, бұл ойын балалардың ептілігі мен жылдамдығын дамытуға сеп болатын. Ойындардан бөлек, ауылдың мәдени шараларына да қатысатынбыз. Әжем мені ертіп, ауылдың қарттары жиналатын жиындарға апаратын. Сондай кештерде қарттардың әңгімелерін тыңдап, қазақтың бай тарихы мен дәстүрін таныдым. Бірде әжем айтқан бір әңгіме есімде қалыпты: «Шүкірлік етсең - бақ қонады, сабыр етсең ақ жол табылады». Сол сәтте бұл сөздердің мәнін толық түсінбесемде, есейе келе, оның өмірдік қағидаға айналғанын байқадым.

Балалық шақтың басты ерекшелігі-кез келген нәрседен қуаныш таба білуінде. Мысалы, ауылда жайылған малды күзету де қызық болатын. Қойдың артынан жүгіріп, құлап қалған сәтіміздің өзі біз үшін үлкен оқиға еді. Кейде жалаңаяқ шөптің арасымен жүгіріп, аяққа шөптің жұмсақ тигенінен ләззат алатынбыз.

Менің балалық шағымның ең жылы естеліктері отбасыма

байланысты. Әжемнің ертегілерін тыңдап, шешемніе жасаған бауырсағын жеп, әжемнің әңгімелеріне қанық болдым. Әжем айтатын ертегілерден өмірдің шындығын үйрендім. Ол әрқашан «Қыз өссе - елдің көркі, ұл өссе - жердің көркі», - деп үлкеннің тілін алуды үйрететін.

Балалық шақ десе, мектепті айналып өту мүмкін емес.

Мектеп-тек білімнің ғана емес, достықтың, алғашқы жетістіктер мен сәтсіздіктердің мекені. Бірде мұғалімім маған: «Сенен үлкен адам шығады, ең бастысы - армандаудан қорықпа» - деген сөзі менің жүрегімде мәңгілікке сақталып қалды. Сол сөздер менің өмірімнің шамшырағына айналды. Сыныптастарыммен өткізген сәттер ерекше есте қалды. Бірде мектептің ауласына үлкен қардан үй тұрғыздық. Мұғалімдер бұл әрекетімізді көріп, бізді мақтап, «жұмыла жұмыс істеудің арқасында осындай үлкен іс шықты» деді. Сол сәттен бастап командада жұмыс істеудің маңызын ұқтым. Ол кездерде өмірдің барлық қиындығы елеусіз, болашағы жарқын болып көрінетін. Ауылдың көркем табиғаты, ұлттық ойындар, отбасы жылуы мен қарапайым қуаныштар менің балалық шағымның ерекше естеліктері болып қала бермек. «Өткен күнде белгі бар» демекші, балалық шағымның әрбір сәті - адамның болашағына жол сілтеуші шамшырақ. Осы естеліктер мені өмірге деген махаббатқа, еңбекті сүйеге және адамдарға құрметпен қарауға үйретті. Сондықтан менің балалық шақтың әрбір мезетін ерекше бағалаймын.

**АМАНДОСОВА Балбөпе Мейрамбекқызы,**  
**Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,**  
**Әйтеке би кенті, «№266 мектеп-лицейінің»**

**11 – сынып оқушысы.**

**Республикалық «Farabi shakirti» журналы**  
**мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым**  
**сайтының Жас тілшісі**  
**Сурет: ЖИ, Жодаған автор**



# ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Мен журналист болғым келеді, өйткені бұл мамандық – шындықты іздеуге, адамдарға ақпарат жеткізуге және қоғамға пайда әкелуге мүмкіндік береді. Журналист – халық пен билік арасындағы көпір. Ол әділдік үшін қызмет етеді, маңызды мәселелерді көтереді және өзгерістерге жол ашады. Мен елдің дамуына өз үлесімді қосып, адал да жауапты журналист болғым келеді.



**Ақпарат ғасырында өмір сүріп жатқан қоғам үшін журналист – жай ғана мамандық иесі емес, қоғамдық пікірді қалыптастыратын, шындықты сөйлететін, халық пен биліктің арасын жалғайтын көпір. Мен болашақ мамандығым ретінде журналистиканы таңдағым келеді. Себебі бұл сала менің ішкі қызығушылығымға, мінезқұлқымға және өмірлік ұстанымдарыма жақын.**

**Ең алдымен, журналист болу – үлкен жауапкершілік. Қазақ зиялыларының бірі**

Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген. Бұл сөз журналист мамандығына да тікелей қатысты деп ойлаймын. Себебі журналист тек ақпарат жеткізуші ғана емес, ол – әділдік үшін күресуші, қоғамдағы мәселелерді көтеруші, халықтың үнін естіртуші тұлға. Егер журналист өз ісіне адал болмаса, қоғам да шынайы ақпараттан айырылып қалады. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілердің дамуы ақпарат тарату жылдамдығын арттырды. Алайда жылдамдық сапаның кепілі емес. Кейбір тексерілмеген деректер халық арасында түсінбеушілік пен жалған пікір қа-



лыптастырады. Сондықтан кәсіби журналистің басты міндеті – ақпаратты бірнеше дереккөз арқылы тексеру, нақты фактіге сүйену және бейтарап көзқарасты сақтау. Бұл – халықаралық журналистика стандарттарының да негізгі талабы (мысалы, BBC Editorial Guidelines қағидалары).

Мен журналистиканы таңдаудағы басты себептердің бірі – адамдар тағдырына бейжай қарамаймын. Қоғамдағы білім сапасы, жастар мәселесі, экология, жұмыссыздық секілді өзекті тақырыптар мені толғандырады.

Осындай мәселелерді зерттеп, себеп-салдарын анықтап, нақты ұсыныстар ұсыну – журналистің қолынан келетін іс. Журналист тек мәселені көрсетіп қана қоймай, оны шешуге қоғам назарын аударта алады.

Сонымен қатар журналист болу – үздіксіз ізденіс пен даму жолы. Бұл мамандықта әр күн – жаңа тақырып, жаңа кейіпкер, жаңа тәжірибе. Адамдармен еркін тіл табысу, ойын сауатты жеткізу, аналитикалық ойлау қабілеті – мен дамытқым келетін қасиеттер. Мектеп қабырғасында түрлі іс-шараларда белсенді болып, эссе мен мақалалар жазуға қызығуым да осы салаға жақындығымды көрсетеді.

Қорытындылай келе, журналистика – мен үшін жай ғана мамандық емес, қоғамға пайдалы болудың жолы. Шындықты айту, әділдікті қорғау және халық сеніміне ие болу – менің болашақтағы басты мақсатым. Сондықтан мен журналист болғым келеді.

**БАҒЫТЖАН  
Акерке Ибатоллақызы,  
Атырау облысы,  
Махамбет ауданы,  
Сарытоғай ауылы,  
«Дүйсенғали Төленов  
атындағы» жалпы орта білім  
беретін мектеп түлегі.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор**

# ҚИЯЛЫМДАҒЫ СЕНІҢ БЕЙНЕҢ, АТА

Көңілдегі көктемімді көшіріп, жанарыма мұң, көз алдыма қиял отын ұялатып сенің бейнең келді, ата! Дана халықпыз ғой. «Ата көрген оқ жонар» деп бекер айтқан ба? Жұмыр басты мендей пендеге атаның ыстық алақаны нәсіп болмады. Тек анамның сағынышқа толы әңгімесінен сенің тау тұлғалы болмысыңа тамсанып қана отырамын.

Жиырма үш жасыңда майдан шебіне кетіп, аман-есен оралдың. Саналы ғұмырыңның 50 жылы ұстаздықпен өтті. Абыройлы, сыйлы азамат болған екенсің, ата. Атыңның өзі Мырзабек деп болмысыңа сай болып тұрған жоқ па?! Әрқашан өзің жайлы естеліктерді естігенде, көз алдыма сенің бейнең елестейді. Өттең, нұрлы жүзіңді көріп, ақ батанды алғанымда



ғой. Менен бақытты адам болмас еді.

Бүгінде сенің жолыңды жалғастырып келе жатқандай көрінемін. Оның дәлелі — өзің түлеп ұшқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне бүгінде мен табан тірегелі отырмын. Әруағың қолдап жүрсін. Ата, сенің әкелік мейірімің, ер азаматқа тән болмысың маған үлгі. Өзің кетсең де, абыройың мен атың мәңгі қалғандай.

Өзің тамыр жайған, ұстаздық еткен Ақсудың мектебінде суретің әлі күнге құрмет тақтасында тұр екен. «Жақсының аты өшпес, ғалымның хаты өшпес» деген осы. Атыңды аузынан тастамай, әжем жарықтық та бізге жылы естеліктеріңді айтып, өзіңнен қалған ұрпақты аяқтандырып кетті. Тегіңді абыроймен биікке көтеру нәсіп болсын, ата!



**СЛАМЖАНОВ Бекзат,**  
Алматы облысы, Іле ауданы,  
Өтеген батыр ауылы  
«№ 24 лицейдің»  
11-сынып оқушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Жетекшісі: Жандарал  
Рысқұл Байжұмақызы,  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор



Соңғы жылдары қазақы нақыштағы киімдерге деген сұраныс артып жатыр. Жас бүлдіршіндерден бастап ақыл тоқтатқан ата - әжелерімізге дейін қызығушылық пайда болды. Өткенге көз жүгіртетін болсақ, киім үлгісінде мұндай өзгеріс болмаған. Ұлттық киімдер көбіне мерекелік іс - шараларда көрініс табатын. Ал, бүгінде күнделікті киім үлгісіне айналды. Қазақы ою - өрнектермен безендірілген көйлектер, қамзолдар, түрлі әшекей - бұйымдар жас талғамай кеңінен танымал болуда.

Ұлттық нақыштағы киімдерге сұраныстың арту себебінің бірі - өз мәдениетіміз бен тарихымызға деген қызығушылығымыз. Әсіресе, жастар арасында халқымыздың құндылықтарына мән бере бастады. Оған қоса, қазақ дизайнерлері де дерлік жұмыс жасады.

Мысалы, Қазақстандық танымал брендке айналған «Darideiya» сән үйін қарастырайық. Ұлттық элементтерді заманауи үлгімен үйлестіре отырып, сәндік бұйымды ұсынуда. Жақында үлкен «Дала Рухы» атты жоба өткізілді. Дәстүр мен қазақы стиль тоғысқан ерекше сән көрсетілімі болды. Нәтижесінде, қазақы стильдегі киімдер ұлттық болмысымызды жаңа қырынан ашылғандығын дәлелдеп жатыр. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде де блогерлер мен өнер адамдары ұлттық нақыштағы киімдерді насихаттап, кең таралуына ықпал етуде.

Қазақы нақыштағы сәннің дамуы мәдениетіміздің дамуымен тікелей байланысты. Бұл қадам мәдени мұрамызды сақтап қана қоймай, оны келер ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Тамырдан туған тренд – өткеннің мұрасын бүгіннің сәніне айналдырған ұлттық жаңғырудың көрінісі.



**НҮРЛАН**  
Аружан Мәлікқызы,  
Алматы облысы,  
Қарасай ауданы,  
Қаскелең қаласы,  
«С.Керімбеков атындағы  
орта мектептің» 11 «А»  
сынып оқушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
желілік басылым  
сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор

## ЖИ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

Қазіргі таңда жасанды интеллект қарқынды дамып, көптеген салаларға еніп жатыр. Соның ішінде медиа саласында да оның рөлі артып келеді. Жасанды интеллект ақпаратты жылдам өңдеп, мәтін құрастырып, тіпті жаңалық жаза алады. Сондықтан «жасанды интеллект журналистердің орнын баса ала ма?» деген сұрақ жиі талқылануда.

Жасанды интеллекттің басты артықшылығы – ақпаратты тез жинап, өңдей алуында. Ол үлкен көлемдегі деректерді қысқа уақытта саралап, жаңалық мәтінін дайындайды. Мысалы, спорт жарыстарының нәтижелері немесе қаржылық есептер туралы хабарламаларды автоматты түрде жаза алады. Бұл журналистердің жұмысын жеңілдетіп, уақытын үнемдеуге көмектеседі. Дегенмен журналистиканың міндеті тек ақпарат тарату емес. Журналист оқиғаның мәнін ашып, оның қоғамға әсерін талдайды. Сонымен қатар түрлі



дереккөздермен жұмыс істеп, ақпараттың шынайылығын тексереді. Мұндай жұмыстар сыни ойлауды, тәжірибені және жауапкершілікті талап етеді. Ал жасанды интеллект адам сияқты эмоцияны, қоғамдық жағдайдың ерекшелігін немесе мәселенің астарын толық түсіне алмайды.

Сондай-ақ қазіргі кезде жалған ақпарат мәселесі өзекті болып отыр. Кей жағдайда жасанды интеллект қате немесе тексерілмеген мәліметтерді пайдалануы мүмкін. Ал кәсіби журналист ақпараттың дұрыстығын тексеріп, сенімді деректерге сүйенеді. Сондықтан қоғам үшін журналистің рөлі әлі де маңызды болып қала береді.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект журналистердің жұмысын жеңілдететін тиімді құрал болғанымен, олардың орнын толықтай баса алмайды. Болашақта жасанды интеллект пен журналистер бірлесе жұмыс істеп, ақпарат сапасын арттыруға үлес қосады.

## БІЛІМ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ

«Білімді мыңды жығар» дейді дана халқымыз. Шын мәнінде, қай қоғамда да өркендеудің бастауы – білімде. Бүгінгі цифрлы дәуір, жаһандық бәсеке, ақпарат тасқыны – білім сапасына жаңа талаптар қояды. Білім беру тек оқыту емес, ол – ұлттың сана-сезімін, мәдениетін, ойлау деңгейін қалыптастыратын іргелі жүйе.

Қазіргі таңда білім беру саласы үлкен бетбұрыс алдында тұр. Бірақ ол реформалар ел болашағына қызмет ете ме, жоқ па – бұл сұрақ әлі де ашық күйінде.

1. Білім – ұлтты алға сүйрейтін қозғаушы күш. Дамыған елдердің тарихына көз жүгіртсек, олардың жетістігі ең ал-

дымен білім беру жүйесінің мықтылығында екенін байқаймыз. Финляндия, Жапония, Оңтүстік Корея сынды елдерде ұстаз мәртебесі – қоғамдағы ең биік дәрежелердің бірі. Өйткені олар түсінеді: сапалы білім – болашаққа жасалған ең тиімді инвестиция. Ал біздің елде білім саласы түрлі реформалар мен өзгерістерге толы. ҰБТ, үштілділік, жаңартылған бағдарлама, цифрлы күнделік... Бірақ бұл өзгерістер оқушы мен мұғалім үшін шынайы тиімді ме?

Бүгінгі мектеп – теорияға толы, бірақ өмірге бейімделмеген білімнің мекені сияқты. Оқушы көп біледі, бірақ сол білімді қайда, қалай қолданарын білмейді. Мұғалім қағазбен тұншығып, шығармашылыққа уақыт таппайды. Ал ата-ана баласының орнына бағасына алаңдайды.


Білім беру – тек пән үйрету емес, ол – тұлға тәрбиелеу. Сондықтан жаңа жүйе баланың тек академиялық қабілетін емес, эмоциялық интеллектін, шығармашылығын, ынтымақтастық дағдысын дамытуы керек. Білім – тек мектеп партасында қалатын ұғым емес. Ол – әр адамның өмір бойы алып жүретін рухани жүгінің бір бөлігі. Қазіргі таңда біз білімге ұмтылған ел болғымыз келсе, ең алдымен мұғалімге жағдай жасауымыз керек.

Мен өз болашағымды осы елде көремін. Бірақ сол болашақ сенімді болуы үшін, бүгінгі білім жүйесі – маған сенім артып, менің қызығушылығымға жауап бере алуы тиіс.

Білім жүйесі жаңармай, ұлт жаңармайды. Жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі қоғамның ең басты миссиясы.



**ОРАЗАНБЕК Толғанай**  
**Дәулетқызы,**  
**Алматы облысы,**  
**Іле ауданы,**  
**«№24 лицей мектебінің»**  
**11-сынып оқушысы**  
**Республикалық «Farabi shakirti» журналы**  
**мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)**  
**желілік басылым**  
**сайтының Жас тілшісі**



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МЕДИА АЛАҢЫНДА «CANCEL CULTURE» КЕҢІНЕН ТАРАЛҒАНЫНА ӨКІНБЕЙМІЗ

Медиа алаңы - әлеуметтік желілер (TikTok, Instagram және т.б.).

«Cancel culture» қазақ тілінің құқығы мен мәртебесін қорғау жолындағы қажетті қоғамдық – қысым құралы.

• Қалыптасқан жағдай: Қазіргі таңда cancel culture Instagram, TikTok, X (бұрынғы Twitter) сияқты платформа-ларда қазақ тілін елемеген немесе кемсіткен танымал тұлғалар мен мекемелерге қарсы бағытталып жатыр. Жастар мен қоғам белсенділері мемлекеттік тілдің қолданылуын талап етіп, әсіресе медиа мен қоғамдық кеңістікте қазақша сөйлеуді қалыпты құндылық ретінде орнықтыруға тырысуда.

Соның нәтижесінде: Қазақ тіліне деген талап артып келеді; Танымал адамдар қазақ тілінде сөйлеуге, сұхбат беруге және контент жасауға тырысып жүр; Кейбір банктер, дүкендер мен қызмет көрсету орындары қазақ тіліндегі қызметті күшейтті. Бұл түсініктің белгілі бір нәтижесі бар екенін көрсетеді.



Неліктен бұл тарихи әділеттілікті қалпына келтіру болып саналады?

Кеңес Одағы кезінде қазақ тіліне жүйелі түрде қысым жасалды. КСРО Конституциясында орыс тілі негізгі мемлекеттік тіл ретінде үстемдікке ие болды; Қазақ тілінде сөйлейтін адамдарды «ауылдан келген», «мәдениетсіз», «артта қалған» деп кемсіту қалыпты құбылысқа айналды; Ауылдан шыққан қазақтар қалада жұмысқа тұру үшін орыс тілін білуге мәжбүр болды; Қазақ халқы өз елінде тілдік отарлау мен шеттетілуге ұшырады. Осының салдарынан қалыптасқан қате түсініктердің ізі қоғам санасында әлі күнге дейін сақталған. Cancel culture – осы тарихи әділетсіздікті қоғамдық деңгейде түзету әрекеті.

Зандық өзгерістер болғанымен, тарихи қалыптасқан көзқарастарды өзгерту баяу жүріп жатыр. Сондықтан қоғам белсенділері мен қарапайым азаматтар әлеуметтік желілер арқылы қазақ тілін қорғап, бұрынғы тілдік отарлаудың іздерін жоюға тырысуда.

Бұл – ұлттық өзін-өзі тану мен тарихи теңдікті қалпына келтіру әрекеті.

Қазақ тілінің қоғамдық беделін көтеру; Күнделікті өмірдегі қолдану аясын кеңейту; Ұлттық жады мен мәдени тамырды қайта жаңғырту.

Тілдің құнын жоғалту — мәдени жарақат. Қазіргі қоғам сол жарадан айығу кезеңінен өтіп жатыр. Қазақ тілін қорғау үшін қоғамның өздігінен әрекет етуі — азаматтық қоғамның қалыптасып, жетілгенінің белгісі.

Неліктен бұл заңға қайшы емес?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 1-тармағында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетілген.

Сондықтан мемлекеттік тілді қорғауға бағытталған азаматтық бастамалар Конституцияның рухына сәйкес келеді.

\*Мемлекеттік тілді талап ету – азаматтардың заңды құқығы; Азаматтар осы құқықты қоғамдық пікір арқылы жүзеге асырады; Бұл сотсыз және бейбіт жолмен заң нормаларының орындалуына ықпал етеді.

Cancel culture – қоғамдық реакция мен пікір білдіру формасы.

Ал зорлық-зомбылық көрсету, қорқыту немесе күш қолдану – мүлде басқа құбылыс және заң бұзушылық болып саналады. Сондықтан cancel culture мен заңсыз қысымды шатастыруға болмайды. Оның нәтижесі қандай болады? Тарихтағы көптеген әлеуметтік өзгерістер бастапқыда қарсылыққа ұшыраған. Мысалы: Гендерлік теңдік қозғалыстары; Экологиялық қозғалыстар; Ұлттық тілдерді қорғау қозғалыстары. Бастапқыда қоғам бұл өзгерістерді қабылдамауы мүмкін, бірақ уақыт өте келе олар қалыпты нормаға айналады. Қазақ тілінің айналасындағы cancel culture де осы үрдіске ұқсайды. Бастапқыда қарсылық, түсінбеушілік және даудай болуы мүмкін. Бірақ бұл – өзгеріс пен өсудің табиғи кезеңі.

Cancel culture кең тараған сайын: Мекемелер қазақ тілін көбірек қолдана бастайды; Қызмет көрсету сапасы қазақ тілінде артады; БАҚ қазақ тіліндегі контент көлемін көбейтеді; Қазақ тілін білу қоғамдық нормаға айналады. Бұл өзгерістер бірден болмайды, бірақ ұзақ мерзімде тұрақты нәтиже береді.

Болашақ ұрпақ үшін қандай пайдасы бар?

Қазіргі қоғамдық реакциялар мен пікірталастардың нәтижесінде болашақта қазақтілді орта табиғи құбылысқа айналады.

Болашақ ұрпақ: Қазақ тілін талап етіп емес, табиғи түрде қолданатын ортада өседі; Қазақ тілін қоғамдық өмірдің барлық саласында қалыпты нәрсе ретінде қабылдайды; Тілдік теңдік пен әділеттілікті дайын күйінде көреді. Яғни бүгінгі cancel culture – болашақтағы тілдік теңдік пен әділеттіліктің іргетасы. Қазақстанда қазақ тілін талап ету – қалыпты норма болуы керек.

**АЛИШЕР Арайлым, Алматы облысы, Қарасай ауданы, «Үшқоңыр орта мектеп-гимназиясының» 11-сынып оқушысы**  
**Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі**

**Мақалаға пайдаланылған дереккөздері:**

- Қазақстан Республикасы Конституциясы (Ақорда)
- Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заң жөнінде түсіндірме
- Tegin.com – Конституцияның 7-бабы және тіл саясаты
- Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік тіл ([gov.kz](http://gov.kz))





# Ел сыйлаған еңбек иесі Бейшеналы атам

Ел сыйлаған еңбек иесі – бұл тек аталық медаль немесе рәсімдік төсбелгі ғана емес, бір ғажайып адал, сабырлы, еңбекқор адамның бейнесі. Бейшеналы атам осындай елге пайдалы, шәкірт тәрбиелеген жан. Оның өмірін қараған сайын, адам еңбектің адалдығын, шыншылдық пен жауапкершіліктің қандай құнды нәрсе екенін көріп, айнала түсінеді.



**БЕЙШЕНАЛЫ Маргиза Абылайқызы,**  
Жамбыл облысы,  
Т.Рысқұлов ауданы,  
Шолақ-қайыңды ауылы,  
«Жамбыл орта мектебінің»  
11-сынып оқушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік  
басылым сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Бейшеналы атаның ғұмыры – ұрпақ тәрбиесіне арналған өнегелі жол. Ол ұзақ жылдар бойы мектеп қабырғасында ұстаздық етіп, шәкірттеріне тек білім ғана емес, өмірлік бағыт-бағдар да бере білді. Әр сабағына үлкен жауапкершілікпен қарап, жас буынның бойына адамгершілік, еңбексүйгіштік, үлкенге құрмет секілді асыл қасиеттерді сіңірді. Бүгінде әр өңірде еңбек етіп жүрген шәкірттерінің ұстазын сағынышпен еске алуы – сол еңбектің айқын жемісі.

Ұстаздықпен қатар, Бейшеналы ата ауыл тіршілігінің қайнаған ортасында жүрді. Ол үшін еңбек – тек күнкөріс көзі емес, елдің берекесі мен ырысының бастауы еді. Жер үлестіру, ауылдың астығы, шабындық қоры бұның бәрі бір еңбек. Оның маңдай терімен келген әрбір жетістік – табандылық пен адалдықтың нәтижесі.

Бейшеналы ата үшін елдің мұңы – өзінің мұңы болатын. Ол ауылдағы өзекті мәселелерді ашық көтеріп, олардың шешімін табуға бар күш-жігерін жұмсады. Газ, су, жол, жарық сынды тіршілікке қажетті инфрақұрылым мәселелерін үнемі назарда ұстап, тиісті орындарға жеткізіп, халықтың жағдайының жақсаруына ықпал етті. Оның табандылығы мен жанашырлығының арқасында ауыл өмірінде бірқатар оң өзгерістер жүзеге асты.

Зейнеткерлік кезеңін ол демалыс емес, елге қызмет етудің жалғасы деп білді. Қай кезде де ауылдың дамуын, халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруын ойлап, елмен бірге еңбек етті. Қарапайымдылығы мен іскерлігі, әділдігі мен жауапкершілігі оны жұрт алдында ерекше беделге жеткізді.

Бейшеналы ата – туған жерін жанындай сүйген азамат. Қандай кезең болмасын, ауылдың болашағын ойлап жүрген жан иесі еді. Қиындықта қайыспай, тоқшылықта тасымады. Ауылдың әр төбесі мен бұлағын ерекше құрметтеп, туған жердің қадірін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырды. Сондықтан да ел-жұрты оны әрдайым «тірегіміз» деп бағалайды.

Оның ең үлкен байлығы – өнегелі ұрпағы. Балалары мен немерелеріне адал еңбектің мәнін, білімнің құндылығын және адамдық қасиеттің биіктігін үйретті. «Еңбек – адамға қорған, қорған – елге сый» деген ұстанымды ол өз өмірімен дәлелдеп өтті.

Қорыта айтқанда, Бейшеналы атаның өмір жолы – шәкірт тәрбиелеу, туған жердің шын жанашыры, елдің сөзін сөйлеген азамат. Ол далада – қажырлы еңбек иесі, отбасында – асқар тау әке бола білді. Оның өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнеге. Елі үшін аянбай еңбек еткен мұндай азаматтардың есімі әрдайым құрметпен аталып, халық жадында сақтала бермек.

# ТАҢДАУЫМ – ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚАДАМ



Мен кішкентай кезімнен бастап айналамда болып жатқан оқиғаларға қызығушылықпен қараймын. Қоғамда қандай өзгерістер болып жатыр, адамдар нені талқылап жүр, қандай мәселелер көтеріліп жатыр – осылардың бәрі мені ойландырады. Кейде теледидардан жаңалық көріп немесе әлеуметтік желіден бір ақпарат оқысам, сол туралы ұзақ ойланып жүретін кездерім болады. Өз ойым қалыптасады, кейде келіспеймін, кейде қолдаймын. Сол ойымды біреумен бөліскім келіп тұрады. Осындай сәттерде мен журналист болғым келетінін анық түсінемін.

Жалпы, журналистика – қоғамдағы ақпаратты жинап, өңдеп, халыққа тарататын сала. Оның атауы француздың *journal* деген сөзінен шыққанын білемін. Бұл сөз «күнделік» деген мағынаны білдіреді. Яғни журналист қоғамдағы күнделікті болып жатқан оқиғаларды халыққа жеткізіп отырады. Бұл мамандықты «екінші көне мамандық» деп те атайды. Себебі адамдарға ақпарат қай уақытта да маңызды.

Журналист болу – тек ақпарат жеткізу емес. Бұл – үлкен жауапкершілік. Журналистің әр сөзі адамдардың пікіріне әсер етуі мүмкін. Егер ақпарат дұрыс берілмесе, адамдарды шатастырып жіберуі де мүмкін. Сондықтан шындықты айту, нақты дерекке сүйену өте маңызды деп ойлаймын.

Мен болашақта әділ, шынайы, жауапкершілігі жоғары журналист болғым келеді.

Қазақ журналистикасының да тарихы терең. Ол XIX ғасырдың ортасында басталған. Алғашқы басылымдардың бірі – «Түркістан уәлаятының газеті»,

кейін «Дала уәлаятының газеті» жарық көрген. Алаш кезеңінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті шыққан. «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынұлы болған. Сол кездегі басылымдар халықтың санасын оятып, білімге, еркіндікке шақырды. Мұндай тарихи деректерді оқыған сайын журналистиканың қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін түсінемін.

Маған журналистиканың шығармашылық жағы да ұнайды. Әр тақырыпты әртүрлі қырынан ашуға болады. Бір мәселені жәй ақпарат ретінде ғана емес, қызықты әрі түсінікті етіп жеткізу – үлкен шеберлік. Кейбір мақалаларды оқығанда автордың ойды жеткізу тәсілі ерекше әсер қалдырады. Мен де болашақта өз ойымды анық, нақты және әсерлі жеткізе алатын деңгейге жеткім келеді.

Қазіргі таңда ақпарат өте жылдам тарайды. Әлеуметтік желі арқылы бір жаңалық санаулы минуттардың ішінде бүкіл елге жетеді. Бірақ сол ақпараттың бәрі бірдей шынайы бола бермейді. Кейде жалған ақпарат та таралады. Осындай кезде нағыз журналистің рөлі ерекше деп ойлаймын. Себебі ол ақпаратты тексеріп, нақтылап барып қана жариялауы керек.

Менің мақсатым – адамдарға пайдалы әрі сенімді ақпарат беру. Қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, адамдарды ойландыруға үлес қосқым келеді. Әсіресе жастарға қатысты тақырыптар, білім, болашақ мамандық, қоғамдағы өзгерістер туралы жазғым келеді. Адамдар менің жазғанымды оқып, бір нәрсе үйренсе немесе ой түйсе – мен үшін үлкен жетістік болар еді.

Журналист болу үшін көп оқу, көп іздену керек екенін білемін. Себебі журналист әр түрлі саладан хабардар болуы тиіс. Сондықтан жаңалықтарды бақылап, кітап оқып, өзімді дамытуға тырысамын. Сөйлеу мәдениетін, жазу қабілетін жетілдіру де маңызды деп санаймын.

Әрине, бұл жол оңай емес. Кез келген салада табысқа жету үшін еңбек қажет. Журналистика да шыдамдылықты, батылдықты, табандылықты талап етеді. Бірақ мен өз арманымна сенемін. Егер адам өз мақсатына шын жүректен ұмтылса, ол міндетті түрде нәтижеге жетеді деп ойлаймын.

Мен журналист болғым келеді. Бұл мен үшін жай ғана мамандық емес, болашаққа деген үлкен үміт. Сол арғанымды орындау үшін еңбектенуге, үйренуге және өзімді дамытуға дайынмын.



ДАУЛЕТ Ақтолықын  
Павлодар облысы, Ақсу қаласы,  
«Үштерек ауылы орта мектебінің»  
11-сынып оқушысы.  
Республикалық  
«Farabi shakirti» журналы  
мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік  
басылым  
сайтының Жас тілшісі



Қазіргі қоғам ақпарат тасыған қоғам десек те болады. Әр секунд сайын жүздеген, мыңдаған жаңалық тарайды. Тіпті дәл қазіргі уақытта да. Бірақ өкінішке қарай ол жаңалықтың қаншасы шын, қаншасы өтірік екені бір Құдайға мәлім. Тіпті кейбірі сенсация жасаймын деп ақпаратты бұрмаласа, енді бірі хайп жасаумен әлек.

Көпшілік оқырманның назарын аудару мақсатында сенсациялық жаңалық шығару сәнде. Жаңалықтар аса ірі болмаса да, жарқыраған эмоция мен ойландыратын суреттерді қою арқылы бұрмалап шоу жасауда – бұл сенсация қуудың таза, айқын көрінісі. Бұл – көбінесе телебағдарламалар мен әлеуметтік желіде (Instagram, Facebook, Threads, TikTok) орнап жатқан жағдай.

Мысалы, Анна Данченко секілді танымал журналистер шоу-бизнес өкілдерінің өмірін кеңінен танытып, олар туралы жаңалықтарды сенсация ретінде ұсыну арқылы халық назарын оңай тарта алады.

Бұл – қазіргі жаңа медиа саласындағы кең тараған тәсіл. Танымал тұлғалардың өмірі, тұрмыс-тіршілігі, тойы, киімі сияқты ақпараттар көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Мұндай контенттің рейтингі жоғары болғандықтан БАҚ пен журналистердің 60% осы тәсілге жүгініп жатады. Бұл әдіс шындық пен терең тақы-



рыштарды көлеңкеде қалдырып, қоғамды жеңіл контентке тәуелділік туғызуы мүмкін.

Алайда қоғамның бәрі бірдей емес. Олар екі топқа бөлінген: 63 пайызы дәлелсіз ақпаратқа сенбейтіндер, ал қалған 37% жарқыраған сөздерге сенетіндер. Яғни тап қазір адамдардың жаңалыққа сенуі өте қиын. Себебі олар нақты дәлелді талап ететін, көзі ашық адамдар. Қоғамға нақты, шын ақпарат қажет. Шоу – уақытша сенім, ал шоусыз, зерттелген ақпарат – мәңгілік сенім. Сенсацияланған жаңалықтың барлығы өтірік деген сөз емес. Тек ақпаратты саралау шарт.

Қоғамға сенсация емес, шынайы ақпарат қажет. Себебі сауатты ұрпақ тәрбиелеу үшін жалған емес, дәл әрі сенімді дерек қажет. Журналистика шоуға емес, шындыққа жұмыс істеуі тиіс.

СЕРІК Аяулым, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылы, «№44 жалпы білім беретін мектеп-гимназияның» 11-сынып оқушысы Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz) желілік басылым сайтының Жас тілшісі  
Сурет: ЖИ, жолдаған автор

# Алматы жазы - субұрқақпен сәнді!



Сурет: <https://kz.kursiv.media/> сайтынан алынды

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы 2026 жылға Республикалық Farabi shakirti журналының электрондық нұсқасына жазылу бағасы:

1. Занды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36; 12 айға – 7236,72
2. Қала, ауыл-село бойынша: 6 айға – 3344,40; 12 айға – 6688,80